

Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 16 сәуірде № 7584 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 42 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.03.2019 № 42 (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қолданушылардың назарына!

Осы Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының осы қаулының қосымшасына сәйкес қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Г. Марченко

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

Министр

Б. Жәмішев

2012 жылғы 12 наурыз

Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу талаптарын (оның ішінде келісімшарттың сомасына қатысты асып кеткен жағдайда келісімшарттың есептік нөмірін алу талап етілетін шекті мәнін) айқындайды.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылау – бұл уәкілетті банктер, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) және басқа да мемлекеттік органдар резиденттердің шетел және ұлттық валютаны репатриациялау талабын (бұдан әрі – репатриациялау талабы) орындауын қамтамасыз ету мақсатында өз құзыреттері шеңберінде жүзеге асыратын шаралар кешені.

Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібі репатриациялау талабының орындалуын бақылаудың негізгі және қосымша (жеке жағдайлардан) рәсімдерінен және оларды аяқтау талаптарынан, репатриациялау талабының орындалуын бақылаудың мақсаттары үшін келісімшарттар бойынша ақпарат алмасудан, сондай-ақ өтпелі ережелерден тұрады.

2. Осы Қағидаларда қолданылған ұғымдар Заңда көрсетілген мағыналарда пайдаланылады.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін сондай-ақ мынадай терминдер мен ұғымдар пайдаланылады:

1) келісімшарт - тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортын немесе импортын көздейтін валюталық шарт;

2) келісімшарт бойынша салыстырып тексеру акті - келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысын салыстырып тексеру нәтижелері бойынша келісімшартты есептік тіркеу банкі мен мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі жасаған акт;

3) келісімшарттарды тіркеу журналы - есептік тіркеу нөмірлері берілген келісімшарттарды тіркеу үшін келісімшартты есептік тіркеу банкі жүргізетін журнал;

4) келісімшартты есептік тіркеу - келісімшарттың түпнұсқасына немесе көшірмесіне тиісті белгі қоя отырып, келісімшартқа келісімшарттың есептік нөмірін беру, сондай-ақ келісімшарт шеңберінде есеп жүргізу және міндеттемелердің орындалуы бойынша есептілік беру;

5) келісімшартты есептік тіркеу банкі - келісімшарт шеңберінде репатриациялау талабының орындалуын бақылау мақсатында келісімшарттың есептік тіркеуін жүзеге асыратын уәкілетті банк (оның филиалы), Ұлттық Банктің аумақтық филиалы (бұдан әрі - Ұлттық Банктің филиалы);

6) келісімшарттың есептік нөмірі - келісімшартты есептік тіркеу банкі беретін , валюталық операциялар бойынша есепті және есептілікті қамтамасыз етуге арналған тіркеу нөмірі немесе осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін келісімшарт бойынша ресімделген мәміле паспортының нөмірі;

7) лицензия - резиденттің резидент емеске коммерциялық кредит беруі үшін Ұлттық Банк 2006 жылғы 31 желтоқсанға дейін берген лицензия;

8) мәміле паспорты - репатриациялау талабының орындалуын бақылау мақсаттары үшін осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін келісімшарт бойынша ресімделген құжат;

9) мемлекеттік кіріс органы - өз құзыреті шегінде салықтардың, кедендік төлемдердің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасында кеден ісін іске асыруды, Қазақстан Республикасының заңдарымен осы органның қарауына жатқызылған қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

10) репатриациялау мерзімі - экспорт датасы мен экспортты төлеуге валюта келіп түскен күн арасындағы не импорт бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы күні мен резидент емес міндеттемелерін орындамаған және (немесе) толық орындамаған жағдайда импорт бойынша пайдаланылмаған аванс қайтарылған күн арасындағы, не импорт бойынша төлем және (немесе) ақша аударымы күні мен келісімшартта пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі болмаған жағдайда импорт күні арасындағы уақыт кезеңі;

11) экспортер немесе импортер - келісімшарт жасаған не келісімшарт бойынша резидент емеске талап қою құқығы өткен Қазақстан Республикасының резиденті (занды тұлға, оның филиалы, сондай-ақ дара кәсіпкер).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Репатриациялау талабының орындалуын бақылаудың негізгі рәсімдері

3. Уәкілетті банктер, сондай-ақ Ұлттық Банктің филиалдары осы Қағидалардың 29-тармағының 1)-5) және 7) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, елу мың АҚШ доллары баламасынан жоғары сомаға келісімшарттар бойынша репатриациялау талабының орындалуына бақылауды жүзеге асырады.

Егер келісімшарт АҚШ долларынан өзгеше валютамен көрсетілсе және келісімшартта АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамына нұсқау болмаса, келісімшарт сомасының АҚШ долларындағы баламасын айқындау үшін қайта санау келісімшарт жасалған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Егер келісімшарт АҚШ долларынан өзгеше валютамен көрсетілсе, резидент еместің орындалмаған міндеттемелерінің сомасы келісімшарт валютасында оны кейіннен келісімшарт бойынша репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың соңғы күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып АҚШ долларына қайта санау арқылы есептеледі. Келісімшартты есептік тіркеуден алу мақсатында резиденттің орындалмаған міндеттемелерінің сомасын АҚШ долларына қайта санау келісімшартты есептік тіркеуден алған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

Егер келісімшарт міндеттемелерді орындау валютасынан өзгеше валютада көрсетілсе және келісімшарт тараптары міндеттемелерді орындау валютасын келісімшарт валютасына қайта есептеудің бағамы айқындалмаса, орындалған міндеттемелер сомасын келісімшарт валютасына қайта есептеу міндеттемелерді орындау күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

4. Репатриациялау мерзімі келісімшарттың есептік нөмірін талап ететін келісімшарттар бойынша осы Қағидалардың 1-қосымшасының нысаны бойынша келісімшарттың есептік нөмірін алуға арналған өтініште, ал есептік нөмірді алуды талап етпейтін келісімшарттар бойынша еркін нысандағы өтініште

көрсетіледі. Есептік нөмірді алуды талап етпейтін келісімшарттар үшін экспортердің немесе импортердің репатриациялау мерзімі көрсетілген өтініші болмаған жағдайда, бұл мерзім 180 күнтізбелік күнге тең болып қабылданады.

Репатриациялау мерзімін экспортер немесе импортер келісімшарт бойынша тараптардың міндеттемелерді осы Қағидалардың 2-қосымшасында көзделген тәртіппен орындау талаптарына қарай есептейді және толық жылдар мен күндердің саны ретінде көрсетіледі.

5. Репатриациялау мерзімі еркін нысандағы өтініште жаңа репатриациялау мерзімін көрсету арқылы мынадай жағдайларда өзгертіледі:

1) егер бұрын экспортер немесе импортер көрсеткен репатриациялау мерзімі келісімшарттың талаптарына сәйкес келмесе және (немесе) осы Қағидалардың нормалары ескерілмей есептелсе;

2) келісімшарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімдеріне және талаптарына әсер ететін жағдайлардың басталуын растайтын мынадай құжаттар болса:

келісімшартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар;

соттың немесе өзге мемлекеттік органның, төрелік соттың шешімі;

шет мемлекеттің уәкілетті органының резидент еместің таратылу кезеңінде тұрғанын немесе банкроттық рәсімінен өтіп жатқанын растайтын құжаты;

3) келісімшарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімдерін және талаптарын өзгертуге әсер ететін дүлей күш жағдайларының туындауы.

Дүлей күш жағдайлары туындаған, соттың немесе өзге мемлекеттік органның, төрелік соттың шешімінде келісімшарт бойынша резидент еместің міндеттемелерін орындау мерзімдері болмаған не шет мемлекеттің уәкілетті органының құжатында резидент еместі тарату немесе резидент еместі банкрот деп тану процесінің аяқталу мерзімдері болмаған кезде репатриациялау мерзімі үш жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Репатриациялау талабының орындалуын бақылау мақсаттары үшін тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспортының немесе импортының күні болып:

1) тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кеден шекарасы арқылы өткізген кезде – сыртқы сауданың кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын кедендік рәсім ретінде тауардың орналастырылуын растайтын тауарлар декларациясында көрсетілген, тауарлардың шығарылған күні;

2) тауарларды Одақтың кедендік аумағының ішінде өткізген кезде:

импорт үшін – жанама салықтарды төлеу немесе қосылған құн салығынан (бұдан әрі – ҚҚС) және (немесе) акциздерден босату туралы растауы бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініште (бұдан әрі – тауарларды әкелу туралы өтініш) көрсетілген тауарды есепке қабылдаған күн;

экспорт үшін – жанама салықтарды төлеу немесе ҚҚС салудан және (немесе) акциздерден босату туралы растауы бар тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген шот-фактура күні;

3) қалған жағдайларда:

өзара сауданың кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын кедендік рәсім ретінде тауардың орналастырылуын растайтын тауарлар декларациясында көрсетілген, тауарлардың шығарылған күні (тауарлар декларациясын ресімдеу көзделген кезде);

тауарлардың өткізілуін және (немесе) жұмыстардың орындалуын (қызметтердің көрсетілуін) растайтын құжаттарға қол қойылған (қабылданған) күн;

нақты берілген тауарлар, орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) үшін шот-фактураның, инвойстың берілген күні;

жұмыстар орындалғанын (қызметтердің көрсетілгенін) растайтын құжаттарға қол қоюды (қабылдауды) және нақты орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) үшін шот-фактура, инвойс беруді көздемейтін келісімшарттың талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындаудың басталған күні саналады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін репатриациялау жөніндегі талаптың орындалуын бақылауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банктің филиалына қағаз тасымалдағышпен немесе электрондық түрде келіп түсетін құжаттар валюталық бақылау құжаттары болып табылады. Мұндай құжаттарға мыналар жатады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша келісімшарттың есептік нөмірін алуға өтініш немесе келісімшарттың есептік нөмірін алуды талап етпейтін келісімшарттар бойынша еркін нысандағы өтініш;

2) есептік тіркеуден өтуге тиіс келісімшарттар үшін есептік нөмірдің берілгені туралы белгісі бар келісімшарт (түпнұсқасы немесе оның көшірмесі);

3) мыналарды:

келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерінің және талаптарының немесе тараптарының өзгергенін;

келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалғанын (жұмыстардың орындалғанын (қызметтердің көрсетілгенін) немесе тауарлардың Одақтың кеден

аумағының ішінде экспорт немесе импорт үшін өткізілуін растайтын құжаттарды қоса алғанда);

экспортердің немесе импортердің шетел банкіндегі банк шотының Заңның 12-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шоттарға сәйкес келуін растайтын құжаттар;

4) шетел банктеріндегі банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірмелер, шетел банктеріндегі банк шоттарынан төлемдер мен (немесе) аударымдарды растайтын және сәйкестендіретін төлем құжаттары және өзге құжаттар;

5) лицензия, тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік, мәміле паспорты;

6) келісімшарт бойынша салыстырып тексеру актісі;

7) осы Қағидалардың 49, 49-1, 49-2 және 53-тармақтарында көзделген тәртіппен жіберілген келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарттар бойынша тауарлар қозғалысы туралы ақпарат;

8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органының ақпараттық жүйесінде тауарларға декларацияның болуы туралы мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің анықтамасы.

Экспортер немесе импортер уәкілетті банктің немесе Ұлттық Банк филиалының талап етуі бойынша ұсынатын валюталық бақылау құжаттарының көшірмелері экспортердің немесе импортердің мөрімен (ол болған кезде) және (немесе) уәкілетті тұлғасының қолымен расталады. Электрондық құжат айналымы болған кезде экспортер немесе импортер ұсынатын құжаттардың электрондық көшірмелері экспортердің немесе импортердің электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады.

Шет тіліндегі валюталық бақылау құжаттарының көшірмелері уәкілетті банктің немесе Ұлттық Банк филиалының талап етуі бойынша экспортердің немесе импортердің мөрімен (ол болған кезде) және (немесе) уәкілетті тұлғасының қолымен расталған мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасы қоса беріле отырып, ұсынылады.

Шет мемлекеттің ұйымдарынан және мекемелерінен шығатын, экспортерлер немесе импортерлер ұсынатын құжаттар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе қатысушысы Қазақстан Республикасы және ұйымдары мен (немесе) мекемелерінен құжаттар шығатын мемлекет болып табылатын халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, консулдық заңдастыру болған жағдайда қарау үшін қабылданады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

08.08.2016 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Тауарларды экспорт немесе импорт үшін Одақтың кедендік аумағы ішінде өткізуді растайтын құжаттары мыналар болып табылады:

1) тауарларды Одақтың кедендік аумағы ішінде өткізген кезде – Одақтың салық органдары қабылдаған және жанама салықтарды төлеу немесе ҚҚС салудан және (немесе) акциздерден босату туралы растауы бар тауарларды әкелу туралы өтініш;

2) қалған жағдайларда:

өзара сауданың кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын кедендік рәсім ретінде тауардың орналастырылуын растайтын тауарлар декларациясы;

тауарлардың өткізілуін және (немесе) жұмыстардың орындалуын (қызметтердің көрсетілуін) растайтын еркін нысандағы акт;

нақты берілген тауарлар, орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) үшін шот-фактура, инвойстар.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін тауарларды экспорт немесе импорт үшін Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өткізу деп:

тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан (аумағына) Одаққа мүше басқа мемлекеттердің аумағына (аумағынан) өзара сауда статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын өткізу;

сыртқы сауданың кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын кедендік рәсімдердің бірімен орналастырылған тауарларды Одақтың кедендік шекарасынан өткізу түсініледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Экспортер немесе импортер тараптардың келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімдері мен талаптарына әсер ететін жағдайлар туындаған жағдайда, растайтын құжаттарды келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банктің филиалына ұсынады.

Құжаттар болған кезде олар резидент еместің экспортер немесе импортер алдындағы орындалмаған міндеттемелері сомасының баламасы елу мың АҚШ долларынан асқан репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың соңғы күнінен кешіктірмей ұсынылады.

Вексель бойынша төлем алған кезде немесе вексель бойынша талап ету құқықтарын үшінші тұлғаға өткізу кезінде экспортер немесе импортер келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банктің филиалына вексель бойынша төлем немесе талап ету құқықтарын өткізу күнінен кейін күнтізбелік он күн ішінде растау құжаттарын ұсынады.

Резидент емес үшінші тұлға келісімшарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде импортер келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банктің филиалына резидент емес үшінші тұлғаның атауын немесе аты-жөнін, резидент еместің елін, төлемнің күнін, сомасы мен валютасын көрсете отырып, осы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша ақпаратты төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүргізілген күннен кейін күнтізбелік бір жүз сексен күннен кешіктірмей ұсынады.

Тауарлардың Одақтың кедендік аумағы ішінде келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша экспорт немесе импорт үшін қозғалысы кезінде экспортер немесе импортер осы Қағидалардың 11 және 12-тармақтарына сәйкес құжаттар ұсынылатын жағдайларды қоспағанда, тауарлар импорты күнінен кейін күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей және экспорт күнінен кейін күнтізбелік бір жүз сексен күннен кешіктірмей келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банктің филиалына тауарларды әкелу туралы өтініштің көшірмесін ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

11. Егер репатриациялау мерзімі аяқталып, ал резидент еместің экспортер немесе импортер алдындағы келісімшарт бойынша орындалмаған міндеттемелерінің сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, уәкілетті банк репатриациялау мерзімі аяқталғаннан кейінгі айдың бесінен кешіктірмей экспортердің немесе импортердің атына резидент еместің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі мен талаптарына немесе резидент еместің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауына әсер ететін жағдайларды растайтын құжаттарды ұсынуы туралы сұрату (жазбаша нысанда не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып) жібереді.

Экспортер немесе импортер репатриациялау мерзімінің ұзартылуын немесе резидент еместің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауын растайтын

құжаттарды ұсынбаған жағдайда, уәкілетті банк Ұлттық Банкке осы Қағидалардың 51-тармағына сәйкес ақпарат жібереді.

12. Ұлттық Банктің филиалы экспортердің немесе импортердің атына резидент еместің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі мен талаптарына әсер ететін жағдайларды растайтын ақпаратты және құжаттарды, сондай-ақ:

1) егер экспортер немесе импортер алдындағы келісімшарт бойынша орындалмаған міндеттемелерінің сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, Ұлттық Банктің филиалы келісімшарттың есептік тіркеу банкі болып табылатын келісімшарт бойынша репатриациялау мерзімі аяқталған;

2) уәкілетті банктен осы Қағидалардың 51-тармағына сәйкес ақпарат алған жағдайларда резидент еместің міндеттемені орындағанын растайтын құжаттарды ұсыну туралы жазбаша сұрату жібереді.

13. Осы Қағидалардың 11 және 12-тармақтарына сәйкес сұратылған құжаттарды (бар болған кезде) және ақпаратты экспортер немесе импортер сұрату алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жазбаша түрде ұсынады.

14. Ұлттық Банктің филиалы осы Қағидалардың 10, 12 және 13-тармақтарына сәйкес экспортер немесе импортер ұсынған құжаттар және ақпарат негізінде экспортердің немесе импортердің іс-әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылықтың немесе қылмыстық жазалау іс-әрекетінің болуы туралы мәселені қарайды. Қылмыстық жазалау іс-әрекетінің белгілері болған кезде Ұлттық Банктің филиалы құқық қорғау органдарына олардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктеріне сәйкес ақпарат жібереді.

15. Есептік тіркеуге жататын келісімшарт бойынша ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, келісімшарттың есептік тіркеу банкі жүзеге асырады.

Есептік тіркеуге жататын келісімшарт бойынша ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізу кезінде экспортер немесе импортер төлем құжаттарында келісімшарттың деректемелерін және келісімшарттың есептік нөмірін көрсетеді.

Түскен сомаларды сәйкестендіру үшін экспортер немесе импортер резидент емеске экспортердің немесе импортердің пайдасына ақша аударуға арналған төлем құжаттарында келісімшарттың деректемелерін және оның есептік нөмірін көрсету қажеттілігі туралы хабарлайды.

16. Репатриация талаптарының орындалуын бақылау талап етілетін келісімшарт бойынша ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізу кезінде

уәкілетті банк төлем құжатында есептік тіркеуге жататын келісімшарттар үшін келісімшарт деректемелерінің және келісімшарт есептік нөмірінің болуын тексереді.

Егер экспортердің немесе импортердің төлем құжатында келісімшарттың деректемелері дұрыс көрсетілмесе немесе келісімшарттың есептік нөмірі болмаса (есептік тіркеуге жататын келісімшарттар үшін), уәкілетті банк ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізуден бас тартады.

Егер есептік тіркеуге жататын келісімшарттар бойынша экспортердің немесе импортердің пайдасына түскен ақша төлемі және (немесе) аударымы бойынша төлем құжатында келісімшарттың деректемелері дұрыс көрсетілмесе немесе келісімшарттың есептік нөмірі болмаса (есептік тіркеуге жататын келісімшарттар үшін), уәкілетті банк ақшаны есепке алуды экспортердің немесе импортердің келісімшарттың деректемелерін немесе келісімшарттың есептік нөмірін жазбаша растауы негізінде жүргізеді.

Репатриациялау мерзімдерін сақтамау уәкілетті банк үшін ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізуден бас тартуға негіз болып табылмайды.

Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін мәмілелер паспорты ресімделген келісімшарттар бойынша ақша төлемін және (немесе) аударымын уәкілетті банк осы Қағидалардың 54-тармағында белгіленген тәртіппен келісімшарттың есептік нөмірі қойылғаннан кейін жүзеге асырады.

17. Төлем құжатында келісімшарт бойынша түскен ақшаны есепке алу үшін қажетті деректер болмаған жағдайда, уәкілетті банк оларды экспортерді немесе импортерді келіп түскен сомаларды бірегейлендіру қажеттілігі туралы алдын ала жазбаша хабарлай отырып жіберушінің нұсқауларын сақтау шотына есепке алады.

Экспортер немесе импортер есептік уәкілетті банкті келісімшарттың деректемелерін және оның есептік нөмірін көрсете отырып, түскен соманың сипаты туралы жазбаша хабардар етеді (есептік тіркеуге жататын келісімшарттар үшін).

Егер түскен ақша күнтізбелік 180 күн ішінде келісімшарттың деректемелері немесе келісімшарттың есептік нөмірі бойынша бірегейлендірілмесе не экспортер немесе импортер Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында көзделген құжаттар мен ақпаратты ұсыну бойынша өзге іс-әрекеттерді орындамаса, уәкілетті банк жіберушіге осындай нұсқауды орындамастан қайтарады.

18. Есептік тіркеуге жататын келісімшарт бойынша басқа уәкілетті банкке ақша түскен кезде уәкілетті банк ақшаны экспортердің немесе импортердің банк шотына есепке алады және экспортердің немесе импортердің нұсқауы негізінде түскен ақшаны есептік тіркеу банкіне аударуды жүзеге асырады. Экспортер

немесе импортер келісімшартты есептік тіркеу банкіне ақша аударуға арналған төлем құжатына келісімшарттың тіркеу нөмірі және оның берілген күні көрсетілген келісімшарт парағының көшірмесін қоса береді.

19. Егер ақша төлемінің және (немесе) аударымының валютасы келісімшарттың валютасымен сәйкес келмесе, уәкілетті банк түскен соманы:

1) ақша төлемінің және (немесе) аударымының валютасын келісімшарттың валютасына қайта есептеудің келісімшарттың тараптары айқындаған бағамына сәйкес;

2) егер тараптар ақша төлемінің және (немесе) аударымының валютасын келісімшарттың валютасына қайта есептеу бағамын айқындамаса, ақша төлемі және (немесе) аударымы күнгі валюталар айырбастау бағамына сәйкес есепке алады.

20. Тауарларды кедендік тазалау кезінде мемлекеттік кіріс органы аумақтық бөлімшесінің уәкілетті лауазымды тұлғасы осы Қағидаларға сәйкес келісімшарттың есептік тіркеу нөмірін беру талап етілетін келісімшарт бойынша келісімшарттың тауарларға арналған декларацияда мәлімделген есептік нөмірін осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес алынған келісімшарттың есептік нөмірі туралы ақпаратпен салыстырып тексереді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Резиденттердің келісімшарттардың есептік тіркеу нөмірлерін алу талаптары

21. Келісімшарт:

1) экспортердің немесе импортердің банк шотына қызмет көрсететін уәкілетті банкте – ақша төлемдері және (немесе) аударымдары экспортердің немесе импортердің уәкілетті банктегі банк шоттарын пайдалана отырып асырылатын келісімшарттар бойынша;

2) экспортердің немесе импортердің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің филиалында – ақша төлемдері және (немесе) аударымдары толық түрде экспортердің немесе импортердің шетелдік банктегі, Заңның 12-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген шоттарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын келісімшарттар бойынша;

3) уәкілетті банкте – уәкілетті банк экспортер немесе импортер болып табылатын келісімшарттар бойынша есептік тіркеледі.

22. Экспортер немесе импортер келісімшарттың есептік нөмірін алуды келісімшарт бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы жүргізілгенге дейін және (немесе) тауарлар келісімшарт бойынша экспортердің немесе импортердің

экспорты немесе импорты үшін Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы алып өткізілгенге дейін жүзеге асырады.

23. Келісімшарттың есептік нөмірі:

1) тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы экспорт немесе импорт үшін, оның ішінде жұмыстар орындау, қызметтер көрсету келісімшарттары шеңберінде немесе бір жылдан артық мерзімге лизинг келісімшарты бойынша алып өткізілген;

2) тауарларды меншіктеу құқығының резиденттен резидент емеске не резидент еместен резидентке өтуіне байланысты бұрын басқа кедендік рәсім арқылы алып өткізілген тауарларға қатысты экспорттың кедендік рәсіміне арналған кедендік рәсім өзгерген;

3) есептік тіркеу банкі болып табылмайтын уәкілетті банктің қызмет көрсетуіне өткен жағдайда, оның ішінде есептік тіркеу банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге арналған лицензиясын тоқтата тұрған не айырған және келісімшартты есептік тіркеуден шығару үшін негіздер болмаған жағдайда;

4) осы Қағидалардың 38-тармағында белгіленген жағдайларда, жеткізілетін тауарлардың құны келісімшарт жасау күні баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын әрбір келісімшарт бойынша жеке беріледі.

24. Экспортер немесе импортер келісімшарттың есептік нөмірін алу үшін:

1) осы Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша өтінішті;

2) келісімшарттың түпнұсқасын немесе көшірмесін ұсынады.

25. Келісімшартты есептік тіркеу банкінің қызметкері экспортер немесе импортер осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген құжаттарды берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде келісімшартты осы Қағидаларға 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша келісімшарттарды тіркеу журналына тіркейді және келісімшарттың түпнұсқасының немесе көшірмесінің бірінші немесе соңғы парағында келісімшарттың есептік нөмірін және оны берген күнді өз қолымен және келісімшартты есептік тіркеу банкінің мөрімен (ол болған кезде) растай отырып көрсетеді.

Электрондық құжат айналымы кезінде келісімшарттың есептік тіркеу банкі электрондық цифрлық қолтаңбамен растай отырып, келісімшарттың электрондық көшірмесіне есептік нөмір береді.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

26. Уәкілетті банк немесе Ұлттық Банктің филиалы:

1) келісімшартта Қазақстан Республикасының валюта заңнамасының талаптарына қайшы келетін талаптардың болуы, оның ішінде келісімшартта резидент еместің міндеттемелерді орындау мерзімдерінің болмауы;

2) осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша келісімшарттың есептік нөмірін алу үшін берілген өтініштегі экспортердің немесе импортердің қолының және (немесе) мөрінің (ол болған кезде) экспортердің немесе импортердің банк шоты бойынша қолдарының және мөрінің бедерінің үлгісі бар құжаттағы қолы және мөрінің (ол болған кезде) үлгісіне сәйкес келмеген жағдайларда келісімшарттың есептік нөмірін беруден бас тартады.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Келісімшартқа тараптардың келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі мен талаптарына, келісімшарттың сомасы мен валютасына әсер ететін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, экспортер немесе импортер есептік тіркеу банкіне осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген мерзімдерде растау құжаттарын ұсынады.

28. Есептік тіркеу банкі әрбір экспортер немесе импортер бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлері бойынша, валюталық құжаттардың түсуіне қарай олардың көшірмелерінен қалыптастырылатын істі жүргізеді. Істі электрондық нысанда жүргізуге жол беріледі.

29. Келісімшартқа есептік нөмір беру:

1) Ұлттық Банк немесе уәкілетті банктер Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы қолма-қол ақша алып өткен кезде;

2) Ұлттық Банк немесе уәкілетті банктер шетел банктеріндегі металл шоттарға орналастыру үшін бағалы металдарды әкеткен кезде;

3) Ұлттық Банк немесе уәкілетті банктер Қазақстан Республикасының аумағына бағалы металдар әкелген кезде;

4) ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы заемдары немесе Қазақстан Республикасының кепілдік беруімен қамтамасыз етілген сыртқы заемдар есебінен жүргізілетін келісімшарттар үшін;

5) Қазақстан Республикасының ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын мемлекеттік органдарының бөлімшелері (ведомстволары) арқылы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелерімен және мемлекеттік кәсіпорындарымен жасалған келісімшарттар үшін;

6) резидент еместермен жасаған, экспорт немесе импорт үшін Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар алып өту көзделмейтін келісімшарттар үшін;

7) тауарларды ақша міндеттемелерінің туындауы көзделмейтін келісімшарттар бойынша алып өткен кезде талап етілмейді.

30. Егер ақы төлеу аударым аккредитивін пайдалану арқылы экспортердің (сауда делдалының) және резидент-жүк жіберушінің пайдасына жүргізілсе, онда есептік нөмір аударым аккредитиві бойынша аударым жасайтын банк ретінде экспортерге қызмет көрсететін келісімшарттың есептік тіркеу банкіндегі келісімшартқа беріледі.

Тауарлардың экспорты үшін ақы төлеу түсімі мына жағдайларда:

1) егер екі бенефициардың (экспортердің және жүк жіберушінің) банк шоттарына түскен түсімдердің сомасы келісімшарт талаптарына сәйкес келсе. Бұл ретте экспорттан түскен түсім туралы ақпаратта аккредитив бойынша уәкілетті банкке келіп түскен барлық сома бірінші бенефициар-экспортер мен екінші бенефициар-жүк жіберуші арасында бөлінгенге дейін көрсетіледі;

2) егер екінші бенефициардың банк шотына түскен түсімдер сомасы бірінші бенефициардың банк шотына түсуі тиіс соманы шегергенде келісімшарт сомасына тең болса (бірінші бенефициар аударым жасайтын банктің алғашқы талабы бойынша екінші бенефициар шотының (инвойстың) орнына өз шотын (инвойсты) ұсынбаған және аккредитив бойынша ақы төлеуді эмитент-банк екінші бенефициардың пайдасына жүзеге асырған жағдайда) толық көлемде түскен болып саналады.

4. Репатриациялау талабының орындалуын бақылаудың қосымша рәсімдері (жеке оқиғалар)

31. Уәкілетті банкте, сол сияқты шетел банкінде ашылған банк шоттарын пайдалану арқылы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүзеге асырылатын келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды:

уәкілетті банк арқылы жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бөлігінде уәкілетті банк;

экспортер немесе импортер ұсынған құжаттар мен ақпарат негізінде Заңның 12-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шетел банктеріндегі банк шоттары бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бөлігінде Ұлттық Банктің филиалы жүзеге асырады.

Шетел банктеріндегі банк шоттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылған төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының сомаларын уәкілетті банк экспортердің немесе импортердің Ұлттық Банктің филиалына ұсынған осындай төлемдері және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратының негізінде есепке алады.

32. Басқа банкке қызмет көрсетуге ауысқан кезде экспортер немесе импортер келісімшартты алдыңғы есептік тіркеген банкке:

1) келісімшарттың қызмет көрсетілуі үшін басқа банкке ауысуына байланысты келісімшартты есептік тіркеуден шығару туралы еркін нысандағы өтінішті;

2) келісімшартты есептік тіркеген басқа банкке келісімшарт бойынша ақша мен тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты өзінің сұратуы бойынша беруге арналған жазбаша келісімді ұсынады.

Экспортер немесе импортер келісімшартты есептік тіркеуден шығару туралы өтінішті берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-тарауында белгіленген тәртіппен келісімшартты жаңа есептік тіркеген банктен келісімшарттың есептік нөмірін алады.

Келісімшартты жаңа есептік тіркеген банк экспортердің немесе импортердің жазбаша келісімінің негізінде келісімшартқа жаңа есептік нөмір берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде келісімшартты алдыңғы есептік тіркеген банкке келісімшартқа жаңа есептік нөмір берілгені туралы хабарлауды және осы келісімшарт бойынша ақша мен тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты беру туралы жазбаша сұрау салуды жібереді.

Келісімшартты алдыңғы есептік тіркеген банк көрсетілген хабарлау мен жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органы құжатының деректемелерінен (тауарларға декларацияның немесе тауарларды әкелу туралы өтініштің нөмірі мен күні) тұратын, осы келісімшарт бойынша есепке қабылданған соманы көрсете отырып, ол бойынша ақша мен тауарлар қозғалысы туралы және келісімшарттың есеп тіркеуден алынғаны туралы қолда бар ақпаратты келісімшартты жаңа есептік тіркеген банкке ұсынады.

Келісімшартты жаңа есептік тіркеген банк келісімшартты алдыңғы есептік тіркеген банктен тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты алғаннан кейін және экспортердің немесе импортердің жазбаша келісімі негізінде қажет болған кезде экспортердің немесе импортердің деректемелерін және келісімшарттың алдыңғы есептік нөмірін көрсете отырып, осы келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы жөнінде Ұлттық Банкте бар ақпаратты алуға осы Қағидаларға 3-1-қосымшада белгіленген нысан бойынша келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы бойынша бар ақпаратты алуға Ұлттық Банкке сұрау салуды ақпараттық жүйе арқылы жібереді.

Ұлттық Банк сұрау салуға бастама жасаған жаңа есептік тіркеген банкке осы Қағидалардың 49 және 49-1-тармақтарына сәйкес жаңа есептік тіркеген банк валюталық бақылауға қабылдаған келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы бойынша қолда бар ақпаратты ақпараттық жүйе арқылы жібереді.

Алдыңғы есептік тіркеген банктен алынған келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы жөніндегі ақпараттың Ұлттық Банктен алынған

ақпараттан айырмашылығы анықталған жағдайда, жаңа есептік тіркеген банк айырмашылықты жою мақсатында алдыңғы есептік тіркеген банкпен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Келісімшартты алдыңғы есептік тіркеген банк келісімшарт есептік тіркеуден алынғаннан кейін келісімшарт бойынша ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізбейді.

Уәкілетті банктің бір филиалынан уәкілетті банктің басқа филиалының қызмет көрсетуіне ауысу арқылы келісімшартты есептік тіркеген банк өзгерген жағдайда, келісімшартты есептік тіркеуден шығару жүзеге асырылмайды. Бұл ретте осы келісімшарт бойынша экспортерге немесе импортерге қызмет көрсеткен уәкілетті банктің филиалы экспортер немесе импортер өтініш берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде келісімшарт бойынша барлық құжаттар мен ақпаратты осы келісімшартты валюталық бақылауға қабылдайтын уәкілетті банктің филиалына береді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Мыналар:

1) мыналарға:

экспортерге немесе импортерге банк шотын ашқаны және келісімшарт бойынша жүргізілген төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жөніндегі ақпаратпен банк шоты ашылған немесе төлем жүргізілген және (немесе) ақша аударылған операциялық күннен кешіктірмей уәкілетті банк пен оның филиалы арасында ақпарат алмасуға;

осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ұсынылған келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратқа уәкілетті банктің көрсетілген ақпаратты алған операциялық күнінен кешіктірмей қол жеткізуге;

уәкілетті банк (оның филиалдары) келісімшартқа есептік нөмір берген операциялық күннен кешіктірмей есептік нөмірі бар келісімшарттар жөнінде уәкілетті банк бойынша жалпы жиынтық ақпараттың болуына;

экспорт немесе импорт бойынша маңызды электрондық іс қағаздарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін интеграцияланған автоматтандырылған ақпарат жүйесі;

2) мына:

экспортердің немесе импортердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізу;

уәкілетті банктің өз филиалдарына келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты жеткізу;

уәкілетті банктің тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде уәкілетті банк филиалының валюталық бақылау агенттерінің функцияларын жүзеге асыруына

және уәкілетті банктер филиалдарының келісімшарттар бойынша ақша мен тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратқа қол жеткізуіне байланысты тәуекелдерді бағалауды, өлшеуді, бақылауды және мониторингін жүзеге асыру рәсімдерін реттейтін ішкі ережелер;

3) уәкілетті банк (оның филиалы) бойынша келісімшарттарға есептік нөмірлерді кейіннен беруді қамтамасыз ететін келісімшарттарды тіркеу журналын және экспорт немесе импорт бойынша істерді электрондық түрде жүргізу мүмкіндігі болған жағдайларда, уәкілетті банктің әртүрлі филиалдарында келісімшарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға, сондай-ақ уәкілетті банктің (оның филиалының) әртүрлі орналасқан жері бар операциялық залдарының келісімшарттарға есептік нөмірлерді беруіне рұқсат етіледі.

34. Егер келіп түскен ақша экспортердің немесе импортердің банк шотына келісімшартты есептік тіркеу банкінің банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензиясын тоқтата тұру не одан айыру себебі бойынша аударылмаған болса, онда экспорттық түсімнің түсуін не импорт жөніндегі келісімшарт бойынша бұрын аударылған ақшаның келісімшартты есептік тіркеу банкінің корреспонденттік шотына қайтарылуын бақылау мақсаттары үшін экспортердің немесе импортердің пайдасына ақшаның түскенін растайтын құжат ретінде келісімшартты есептік тіркеу банкінің тарату комиссиясының келісімшартты есептік тіркеудің таратылатын банкінің корреспонденттік шотына келісімшарттың нақты есептік нөмірі бойынша сәйкестендірілген ақшаның түскені туралы анықтамаларын қабылдауға рұқсат етіледі.

35. Резиденттің келісімшарт бойынша төлеуші үшінші тұлға ретінде қатысуы:

1) резидент үшінші тұлғаның резидент емеске кредит ұсынған;

2) импортер мен резидент үшінші тұлғаның арасында жасалған бірлескен қызмет туралы шарттың не агенттік шарттың шеңберінде резидент үшінші тұлғаның келісімшарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған;

3) экспортердің резидент емеске және резидент еместің резидент үшінші тұлғаға талаптары есепке алынған;

4) үшінші тұлғалардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуын және өзге де мәмілелерді қаржыландырған, сондай-ақ үшінші тұлғалардың нәтижесінде ақшаны және өзге де мүлікті сыйақымен немесе сыйақысыз қайтару міндеттемелері орындалған тұлғаның осындай қаржыландыруды ұсынған және (немесе) осы орындауды жүзеге асырған тұлғаға міндеті туындайтын кредитор алдындағы борышкер міндеттемелерін орындаған жағдайларда мүмкін болады.

36. Егер келісімшарт есептік тіркелуі тиіс болса, келісімшарт бойынша үшінші тұлға ретінде резидентке қызмет көрсететін уәкілетті банк (бұдан әрі –

үшінші тұлғаның банкі) төлем және (немесе) ақша аударымын экспортерге немесе импортерге қызмет көрсететін уәкілетті банктің келісімшарттың есептік нөмірін келісімшартқа бергенінен кейін ғана жүзеге асырады.

Үшінші тұлғаның банкі резидент үшінші тұлға төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде резидент үшінші тұлғаның жазбаша келісімінің негізінде келісімшарттардың есептік нөмірлері бөлігінде келісімшарттар бойынша міндеттемелердің орындалуы жөніндегі ақпаратты осы Қағидаларға 4-қосымшаның нысаны бойынша келісімшартты есептік тіркеу банкіне жібереді. Келісімшартты есептік тіркеу банкінің Ұлттық Банкке осы Қағидалардың 35-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда келісімшарт бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін импортер мен резидент үшінші тұлға арасындағы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты жіберуі талап етілмейді.

Келісімшартты есептік тіркеу банкі келісімшарт бойынша үшінші тұлғалардың банктері жүзеге асырған төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын ескере отырып, келісімшарт бойынша репатриация талаптарының орындалуына бақылау жасайды.

Келісімшарт есептік тіркеуден шығарылған кезде келісімшартты есептік тіркеу банкі үш жұмыс күні ішінде үшінші тұлғаның банкіне келісімшарттың есептік нөмірін және оны беру күнін көрсете отырып, келісімшарттың есептік тіркеуден алынғаны туралы еркін нысандағы хабарлама жібереді.

37. Келісімшартты есептік тіркеу банкі есеп айырысудың вексельді нысаны көзделетін келісімшарт бойынша бақылауды вексель ұстаушылар болып табылатын экспортерден немесе импортерден мынадай құжаттарды:

1) төлеуші не вексель бойынша міндетті өзге тұлға вексельді өтеген кезде ол бойынша төлемақы келіп түскен жағдайда — осы төлемді растайтын құжаттарды (акцептелген вексельдің көшірмесін және төлем құжатын);

2) экспортер немесе импортер есепке алу үшін есеп кеңсесіне вексель ұсынған жағдайда - вексельдің есепке алынғанын растайтын, яғни дисконтты шегере отырып немесе дисконтсыз экспортерге немесе импортерге вексель сомасын төлегенін растайтын құжаттарды (есеп кеңсесінің пайдасына индоссирленген вексельдің көшірмесін және төлем құжатын);

3) вексельді төлем құралы ретінде пайдаланған жағдайда - вексель бойынша құқық берілген тұлғамен жасалған келісімшартты, тиісті өткізу жазбасы (индоссаменті) бар осы вексельдің көшірмесін, осы операцияның жүргізілгенін растайтын өзге де құжаттарды (келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшартты, тауарларға арналған декларацияны және басқаларын) алғанға дейін (вексельді экспортердің немесе импортердің пайдалануына қарай) жүзеге асырады. Вексель

бойынша ақша басқа уәкілетті банкке түскен кезде вексель ұстаушы болып табылатын экспортер немесе импортер басқа уәкілетті банкке ақшаны келісімшартты есептік тіркеу банкіне аударуды тапсырады.

Егер вексель беруші импортер болып табылса және импорт жөніндегі келісімшарт бойынша тауарлар вексель бойынша төлем мерзімі басталғанға дейін жеткізілген болса, онда келісімшарт осы вексель ақы төлеуге ұсынылған күнге дейін бақылауға жатады, бұл ретте вексель сомасы келісімшарттың жалпы сомасынан аспауы керек. Есеп айырысудың вексельді нысанындағы импорт жөніндегі келісімшарт бойынша вексель эмитенті үшінші тұлға болып табылса, онда келісімшарт тауарлар импортерге жеткізілген күнге дейін есептік тіркеуден алынбайды.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Экспортер немесе импортер резидент емеске келісімшарт бойынша талап ету құқығын резидентке берген кезде репатриациялау талабының орындалуын бақылау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) егер резидентте талап ету құқығын беру нәтижесінде резидент емеске қойылатын талап ету сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе және келісімшартқа келісімшарттың есептік нөмірі берілсе, резидент осы Қағидалардың 3-тарауында белгіленген тәртіппен қызмет көрсететін банкке талап ету құқығын беру туралы шартқа келісімшарттың есептік нөмірін беру үшін өтініш жасайды.

Талап ету құқығын беру туралы шартта резидентке қызмет көрсететін банктің осы шартты келісімшарттың есептік нөмірін беру жолымен бақылауға қабылдауы туралы белгісі болған жағдайда, келісімшарттың алдыңғы есептік тіркеу банкі талап ету құқығын беру туралы шартқа сәйкес басқаға беру сомасына азайтылған экспортердің немесе импортердің резидент емеске талаптарының сомасына келісімшарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылауды жалғастырады не егер басқаға беру нәтижесінде экспортерде немесе импортерде резидент емеске талап ету сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асып кетпесе, келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау рәсімдерін аяқтайды.

Келісімшартты есептік тіркеу банкі және талап ету құқығын беру туралы шартты есептік тіркеу банкі осы Қағидалардың 47-тармағына сәйкес Ұлттық Банкке жіберілетін ақпаратта келісімшарт бойынша және талап ету құқығын беру туралы шарт бойынша талап ету құқығын беру сомасын көрсетеді.

Егер талап ету құқығын беру туралы шартта резидент еместің резидент алдындағы міндеттемелерін орындаудың өзге мерзімі көзделмесе, талап ету

құқығын беру туралы шарт бойынша бақылауды резиденттің банкі келісімшарт бойынша репатриациялау мерзімін ескере отырып жүзеге асырады;

2) егер резидентте талап ету құқығын беру нәтижесінде резидент емеске қойылатын талап ету сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе және келісімшартқа келісімшарттың есептік нөмірі берілмесе, экспортер немесе импортер осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген тәртіппен өзіне қызмет көрсететін банкке талап ету құқығын беру туралы шартты және резидентке қызмет көрсететін банктің талап ету құқығын беру туралы шартты бақылауға қабылдағаны туралы жазбаша растауын ұсынады. Экспортердің немесе импортердің банкі талап ету құқығын беру туралы шартқа сәйкес басқаға беру сомасына азайтылған экспортерде немесе импортерде резидент емеске қойылатын талаптарының сомасына келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жалғастырады не егер басқаға беру нәтижесінде экспортердің немесе импортердің резидент емеске талаптарының сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асып кетпесе, келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау рәсімдерін аяқтайды.

Егер де талап ету құқығын беру туралы шартта резидент еместің резидент алдындағы міндеттемелерінің орындалу мерзімі көзделмесе, талап ету құқығын беру туралы шарт бойынша бақылауды резиденттің банкі келісімшарт бойынша репатриациялау мерзімін ескере отырып жүзеге асырады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Бір жылға және одан да көп мерзімге Қазақстан Республикасына әкелуге немесе Қазақстан Республикасынан әкетуге байланысты тауарларды өңдеуді көздейтін жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға арналған келісімшарт бойынша егер де келісімшартта жұмыстардың (қызметтердің) экспорты көзделсе, экспорт бойынша не келісімшартта жұмыстардың (қызметтердің) импорты көзделсе, онда импорт бойынша келісімшарттың есептік нөмірі беріледі.

40. Келісімшартты есептік тіркеу банкі таратылған жағдайда банктің тарату комиссиясы:

банк клиенттеріне – экспортерлер мен импортерлерге осы Қағидалардың 43-тармағының 11) тармақшасына сәйкес келісімшарттарды есептік тіркеуден шығару қажеттілігі туралы өкілеттіктер қабылданған кезден бастап үш ай ішінде хабарлауды;

келісімшарттарды экспортерлердің немесе импортерлердің өтініштері негізінде осы Қағидаларға сәйкес есептік тіркеуден алуға;

Ұлттық Банкке келісімшарттардың есептік тіркеуден алынғаны туралы ақпаратты осы Қағидалардың 45 және 46-тармақтарына сәйкес электрондық түрде немесе жазбаша нысанда жіберуді;

тарату өндірісінің барлық мерзімі ішінде валюталық бақылауда болған келісімшарттар бойынша істердің сақталуын және бес жұмыс күні ішінде ақша мен тауарлардың қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты келісімшартты есептік тіркеген жаңа банкке не Ұлттық Банкке олардың жазбаша сұрау салуының негізінде ұсынуды қамтамасыз етеді.

41. Осы Қағидалардың 43-тармағының 1)-3), 6), 12)-14), 19) тармақшаларында көрсетілген негіздемелер бойынша есептік тіркеуден бұрын шығарылған келісімшартты есептік тіркеуге қайта қабылдау туралы экспортердің немесе импортердің өтініші бойынша келісімшартты есептік тіркеу банкі келісімшартқа жаңа есептік нөмір бермей, есептік тіркеуді қайта бастайды.

5. Келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылау рәсімдерінің аяқталу шарттары

42. Келісімшартты есептік тіркеу банкі келісімшарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылау рәсімдері аяқталғаннан кейін келісімшартты есептік тіркеуден шығарады.

Осы Қағидалардың 43-тармағында көрсетілген негіздемелер бар болған жағдайда, келісімшартты есептік тіркеуден шығаруды келісімшартты есептік тіркеу банкі экспортердің немесе импортердің келісімшартты есептік тіркеуден шығару туралы өтінішін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Келісімшарт бойынша ақша мен тауарлардың қозғалысы оны есептік тіркеуге алған күннен бастап бір жыл ішінде болмаған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидалардың 43-тармағы бірінші бөлігінің 5)-8), 15), 16), 20) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда келісімшартты есептік тіркеуден шығару экспортердің немесе импортердің тиісті өтінішін алмай-ақ жүзеге асырылады. 43-тармақтың бірінші бөлігінің 5), 7), 8), 15), 16), 20) тармақшаларында көзделген жағдайларда Ұлттық Банктің филиалы экспортердің немесе импортердің мемлекеттік тіркелу орны бойынша осы Қағидаларға сәйкес алынған ақпарат негізінде келісімшартты есептік тіркеу банкіне келісімшартты есептік тіркеуден алу мүмкіндігі туралы хабарлайды.

Есептік тіркеуден шығарылған келісімшарт бойынша экспорт немесе импорт жөніндегі істер келісімшартты есептік тіркеу банкінде келісімшартты есептік тіркеуден шығарған күннен бастап күнтізбелік бес жыл ішінде сақталады.

43. Келісімшартты есептік тіркеуден алу үшін мыналар негіздемелер болып табылады:

1) тараптардың келісімшарт бойынша міндеттемелерін толық орындауы не резидент еместің немесе резиденттің баламасы елу мың АҚШ долларынан

аспайтын берешек қалдығының болуы не талабынан бас тартқаны үшін төлем төленген, өзара есепке алынған, борышқор мен кредитордың бір тұлға болған, міндеттемелерді орындауға мүмкіндік болмаған, мемлекеттік органның актісі шыққан жағдайларында, экспортердің немесе импортердің келісімшарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуы туралы жазбаша растауы және растайтын құжаттар болған кезде міндеттемелердің тоқтатылуы;

2) импортердің осы келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы жазбаша растауы болған кезде резидент емеске бұрын алынған тауарларды қайтару не импортерге пайдаланылмаған авансты қайтару;

3) экспортер осы келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғаны туралы жазбаша растауы болған кезде резидент емес тауарға ақы төлеу міндеттемесін орындамаған жағдайда, экспортерге бұрын тиелген тауарларды қайтару не экспортер тауарды жеткізу бойынша міндеттемесін орындамаған жағдайда экспортер экспорт бойынша келісімшарттың төлемі бойынша алған валютаны резидент емеске қайтару;

4) экспортер немесе импортер резидент еместің алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда, экспортер немесе импортер алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындаған резидент емес тарапынан талабы жоқтығын растайтын құжаттарды ұсыну;

5) дара кәсіпкер ретінде тіркелген экспортердің немесе импортердің Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге қоныс аударуы туралы уәкілетті органының растауы;

6) тараптардың міндеттемелерін баламалы орындауы немесе резидент еместің не резиденттің баламасы елу мың АҚШ долларынан аспайтын берешек қалдығының болуы шартымен тараптар міндеттемелерін орындаған соңғы күнінен бастап бір жыл ішінде келісімшарт бойынша ақша немесе тауар қозғалысының болмауы;

7) резидент еместі тарату немесе банкрот деп тану туралы сот шешімінің не шетел мемлекетінің өзге уәкілетті мемлекеттік органы құжатының болуы;

8) құқықтық мирасқоры болмаған жағдайда, экспортерді немесе импортерді тарату;

9) резидент емес міндеттемелерін орындамау тәуекелін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде экспортердің немесе импортердің сақтандыру төлемін алуы;

10) ақшалай талап етуді бере отырып (факторинг) қаржыландыру шарты шеңберінде экспортердің немесе импортердің банк шотына ақша түсуі;

11) келісімшартты есептік тіркеу банктің банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензиясын тоқтата тұру не одан айыру;

12) тараптар келісімшарт бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындаған не резидент еместің баламасы елу мың АҚШ долларынан аспайтын берешегінің қалдығы болған кезде резидент емес ұсынған, келісімшарт бойынша есеп айырысу үшін импортердің шығарған векселін уәкілетті банктің есепке алуы;

13) экспортердің немесе импортердің келісімшарт бойынша резидент еместің алдындағы борышын резидент еместің келісімін растайтын құжаттардың негізінде басқа тұлғаға аударуы және экспортердің немесе импортердің осы келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы келісімшартты есептік тіркеу банкіне ұсынылған жазбаша өтініші болған кезде;

14) растайтын құжаттар (талап ету құқығын беру шарты, өзара міндеттемелер бойынша салыстырып тексеру актісі, тауарларды қабылдау-тапсыру актісі, тауарға ілеспе құжаттар және тағы басқалар) және экспортердің немесе импортердің осы Қағидалардың 38-тармағын ескере отырып, осы келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғаны туралы жазбаша өтініші болған кезде экспортердің немесе импортердің резидент емеске талап ету құқығын басқа тұлғаға беруі немесе аударуы;

15) өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген экспортердің немесе импортердің қайтыс болғандығы, қайтыс болған деп жариялануы, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуы туралы мемлекеттік органның немесе өзге уәкілетті органның құжаты болуы;

16) келісімшартты жеке есепке алуға жатқызған күнінен бастап үш жыл өтуі;

17) экспортердің немесе импортердің осы Қағидалардың 32-тармағын ескере отырып экспортерге немесе импортерге келісімшарт бойынша қызмет көрсететін келісімшартты есептік тіркеу банкін ауыстыруы;

18) келісімшартқа экспорт немесе импорт үшін тауарды Қазақстан Республикасының шекарасынан өткізуге жол бермейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

19) келісімшарт бойынша ақша мен тауар қозғалысының болмауы;

20) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, резидент еместің келісімшарт бойынша резидент алдындағы барлық берешек сомасын өтеу бойынша резиденттің пайдасына сот немесе өзге де мемлекеттік органның, төреліктің шешімі болуы;

21) сол тұлғалардың арасындағы бар бастапқы міндеттемені өзге нысананы немесе өзге орындау тәсілін көздейтін басқа міндеттемеге ауыстырумен резидент еместің келісімшарт бойынша міндеттемелерін тоқтату.

Осы Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 1), 6), 7) немесе 20) тармақшалары негізінде есептік тіркеуден алынған келісімшарт бойынша

берешек қалдығының сомасына міндеттемелер орындалған жағдайда келісімшартты есептік тіркеуді жаңарту талап етілмейді.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Есептік нөмірлері бар келісімшарттар:

1) келісімшартты есептік тіркеу банкі тарапынан одан әрі бақылануға жататын келісімшарт бойынша өзге операциялар болмаған жағдайда, қылмыстық іс немесе әкімшілік іс шеңберінде келісімшарт бойынша жүргізілген операциялар бойынша репатриациялау талаптарын бұзғаны үшін шешім қабылданған;

2) мемлекеттік тіркелген орны бойынша экспортердің немесе импортердің болмауы жағдайларда экспортер немесе импортер мемлекеттік тіркелген жері бойынша Ұлттық Банктің филиалында жеке есепке алынуы тиіс.

Ұлттық Банктің филиалы келісімшарттың есептік нөмірін көрсете отырып жекелеген есепке жатқызу туралы келісімшартты есептік тіркеу банкіне хабарлайды.

Ұлттық Банктің филиалы жекелеген есепке жатқызылған келісімшарттар бойынша экспортерден немесе импортерден жыл сайын репатриациялау талабын орындау үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат сұратады. Егер экспортердің немесе импортердің орналасқан жері анықталмаса, Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті банктерге, мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесіне және өзге де мемлекеттік органдарға олардың құзыретіне қарай экспортердің немесе импортердің қызметі және (немесе) оның орналасқан жері туралы сұратулар жібереді.

Келісімшарт бойынша операцияларды жаңартқан жағдайда оны жеке шотқа жатқызған күннен бастап үш жыл өткеннен кейін келісімшарт жеке есептен алынады.

Келісімшарт жеке есепке алынған күннен бастап үш жыл аяқталған жағдайда Ұлттық Банктің филиалы осы Қағидалардың 43-тармағының бірінші бөлігінің 16) тармақшасына сәйкес келісімшартты есептік тіркеуден алу мүмкін екендігі туралы келісімшартты есептік тіркеу банкіне хабарлайды.

Ескерту. 44-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Репатриациялау талабының орындалуын бақылау мақсаттары үшін келісімшарттар бойынша ақпарат алмасу

45. Осы Қағидалардың осы тармағына және 46, 47, 48, 49, 49-1, 49-2, 51, 52 және 56-тармақтарына сәйкес ақпарат алмасу уәкілетті банктер, Ұлттық Банк және мемлекеттік кірістер органы арасында электрондық түрде жүзеге асырылады.

Уәкілетті банк осы Қағидалардың 46 және 47-тармақтарына сәйкес Ұлттық Банкке бұрын жіберілген ақпаратқа ақпарат жіберілген күннен кейін алты айдың ішінде электрондық түрде түзетулер енгізеді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.08.2016 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

46. Уәкілетті банк келісімшартқа есептік нөмір тағайындалған немесе келісімшартты есептік тіркеуден алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша ақпаратты осы Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша Ұлттық Банкке жібереді.

Уәкілетті банктің осы Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша бұрын жіберген келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша келісімшартқа ақпаратты өзгертетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, уәкілетті банк келісімшартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді растайтын құжаттар қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша ақпаратты осы Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша Ұлттық Банкке жібереді.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

47. Уәкілетті банк осы Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген нысан бойынша келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалғандығы туралы ақпаратты Ұлттық Банкке мынадай мерзімдерде жібереді:

төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын төлем карточкаларын пайдаланбай экспортердің немесе импортердің уәкілетті банктегі банк шоттары арқылы жүзеге асыру жолымен есепті айда келісімшарт бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күніне дейінгі мерзімде;

төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын төлем карточкаларын пайдаланып және (немесе) өзге тәсілмен жүзеге асыру арқылы келісімшарт бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда - экспортердің немесе

импортердің не келісімшартты есептік тіркеу банкі болып табылмайтын банктің растау ақпаратын және (немесе) құжаттарды ұсынған айдан кейінгі айдың он бесінші күніне дейінгі мерзімде.

Импорт бойынша келісімшарт бойынша есеп айырысулардың аккредитивтік нысаны не банк кепілдігі орындалған жағдайда деректер шетелдік жеткізушінің пайдасына төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру кезінде көрсетіледі.

Егер аккредитив немесе кепілдік беру келісімшартты есептік тіркеу банкінде ресімделмесе, аккредитивті немесе кепілдік беруді ресімдеген уәкілетті банк:

егер орындаушы банк болып табылса, төлем және (немесе) ақша аударымы күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде;

егер орындаушы банк шетелдік банк болып табылса, төлем және (немесе) ақша аударымы туралы мәліметтер алынған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде келісімшартты есептік тіркеу банкіне төлемнің және (немесе) ақша аударымының жүзеге асырылғанын растайтын төлем құжатының көшірмесін жібереді.

Уәкілетті банк есеп айырысулардың вексельді нысанын көздейтін келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты осы Қағидалардың 37-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайлардың бірі басталған кезде жібереді.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Ұлттық Банк уәкілетті банктерден осы Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша алынған ақпаратты күн сайын мемлекеттік кірістер органына жібереді.

Мемлекеттік кірістер органы келісімшарттардың есептік нөмірлерінің тауарлар декларацияларында көрсетілген нөмірлерге сәйкес келуі тұрғысынан тексеру үшін Ұлттық Банктен алынған келісімшарттардың есептік нөмірлері бойынша ақпаратты өзінің аумақтық бөлімшелеріне ақпараттық жүйе арқылы жібереді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

49. Мемлекеттік кірістер органы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмамына дейін Ұлттық Банкке осы Қағидаларға 6-қосымшада белгіленген нысан бойынша келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарттар бойынша

Одақтың кеден шекарасы арқылы тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты жібереді.

Ұлттық Банк мемлекеттік кірістер органынан келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарттар бойынша тауарлардың Одақтың кеден шекарасы арқылы қозғалысы туралы ақпаратты алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осы ақпаратты есептік тіркеген банктерге таратады.";

Ұлттық Банк осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес уәкілетті банктен сұрау салуды алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6-қосымшада белгіленген нысан бойынша келісімшарт бойынша тауарлардың Одақтың кеден шекарасы арқылы қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты сұрау салуға бастама жасаған уәкілетті банкке жібереді.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49-1. Келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банк немесе Ұлттық Банктің филиалы осы Қағидалардың 10, 11 немесе 12-тармақтарында көзделген тәртіппен экспортерден немесе импортерден алынған, тауарларды әкелу туралы өтініштің көшірмесі негізінде Ұлттық Банкке осы Қағидаларға 9-қосымшада белгіленген нысан бойынша тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша ақпарат алуға электрондық сұрау салуды (бұдан әрі – электрондық сұрау салу) ақпараттық жүйе арқылы жібереді.

Ұлттық Банк келісімшарттың есептік нөмірі бойынша мәліметтерді қоспағанда, уәкілетті банктен немесе Ұлттық Банктің филиалынан алынған электрондық сұрау салуды ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік кірістер органына қайта жібереді.

Мемлекеттік кірістер органы электрондық сұрау салуды алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 10-қосымшада белгіленген нысан бойынша салық құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесі бар тауарларды әкелу туралы сұратылған өтініш бойынша ақпаратты Ұлттық Банкке ақпараттық жүйе арқылы ұсынады.

Ұлттық Банк келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын және электрондық сұрау салуға бастама жасаған уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банк филиалына мемлекеттік кірістер органынан алынған тауарларды әкелу туралы сұратылған өтініш бойынша ақпаратты осы Қағидаларға 10-қосымшада белгіленген нысан бойынша ақпарат алынған күні ақпараттық жүйе арқылы береді.

Ұлттық Банк осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес сұрау салуды уәкілетті банктен алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сұрау салуға бастама жасаған уәкілетті банкке осы Қағидаларға 10-қосымшада белгіленген нысан бойынша

келісімшарт бойынша тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша тауарлардың қозғалысы бойынша қолда бар ақпаратты жібереді.

Ескерту. Қағида 49-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49-2. Мемлекеттік кірістер органы осы Қағидаларға 11-қосымшада белгіленген нысан бойынша тауарларды әкелу туралы өтініштің деректемелерін ақпараттық жүйе арқылы жібереді, олар бойынша бұрын мынадай өзгерістер мен толықтырулар осы Қағидаларға 10-қосымшада белгіленген нысан бойынша:

импортталған тауарлардың бағасы ұлғайған жағдайда өзгерген және алдыңғы құнының арасындағы айырманы көрсете отырып, жаңасына ауыстырылуына байланысты кері қайтарылған кезде – Одақтың салық органдары тауарларды әкелу туралы өтінішті қабылдауы туралы ақпарат алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде;

жойылуына байланысты кері қайтарылған кезде – тауарларды әкелу туралы өтініштің мәртебесі өзгерген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жіберілді.

Ескерту. Қағида 49-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Резидент емес келісімшарт бойынша репатриациялау мерзімінде экспортердің немесе импортердің алдындағы есепті айдың (репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың) соңғы күнгі жағдайы бойынша баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомадағы міндеттемелерді орындамаған кезде уәкілетті банк есепті айдан кейінгі айдың соңғы күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 7 -қосымшада белгіленген нысан бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасын Ұлттық Банкке жібереді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

52. Уәкілетті банк он мың АҚШ долларынан бастап елу мың АҚШ долларына дейінгі (қоса алғанда) сомаға жасалған және Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы экспорт немесе импорт үшін тауар өткізуді (осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) көздейтін келісімшарттар шеңберінде жүзеге асырылатын төлемдер мен (немесе) ақша аударымдарының мониторингін жүзеге асырады. Егер осындай келісімшарттар бойынша экспортер алған немесе импортер жіберген ақшаның жалпы сомасының баламасы есепті кезеңде жүз мың АҚШ долларынан асып кетсе, уәкілетті банк Ұлттық Банкке

есептік айдан кейінгі айдың он бесінші күніне дейін осы Қағидаларға 8-қосымшада белгіленген нысан бойынша баламасы бір жүз мың АҚШ долларынан астам сомаға төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған экспортер немесе импортер туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53. Ұлттық Банктің келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын филиалы келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы бойынша бар ақпаратты мемлекеттік кірістер органы ұсынған ақпаратпен салыстырғанда ауытқушылықтар анықталған кезде мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесіне мыналар:

осы Қағидаларға 6-қосымшаның 9, 16 және 19-бағандарында көрсетілген деректерді қоспағанда, тауарларға декларациялар;

осы Қағидаларға 10-қосымшаның 4-бағанынан көрсетілген деректерді қоспағанда, тауарларды әкелу туралы өтініштер бойынша ақпарат ұсыну туралы жазбаша сұрау салу жібереді.

Сұрау салуда экспортердің немесе импортердің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) немесе жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), келісімшарттың және келісімшарттың есептік нөмірінің деректемелері, тауарларға декларацияның нөмірі, тауарларды әкелу туралы өтініштің тіркеу нөмірі (импорт кезінде) немесе Одақтың салық органында ауытқушылықтар анықталған тауарларды әкелу туралы өтінішті тіркеу туралы белгі нөмірі (экспорт кезінде) көрсетіледі.

Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі келісімшарт бойынша репатриациялау талабының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын Ұлттық Банк филиалының жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік кірістер органы аумақтық бөлімшесі басшысының не құжаттарға қол қоюға өкілеттіктері бар өзге адамның қолымен жазбаша жауап жібереді. Жазбаша жауапты мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) егер тауарларға декларация бойынша мәліметтер сұратылса, экспортердің немесе импортердің БСН немесе ЖСН, тауарларға декларацияның нөмірі, кедендік рәсім, тауардың шығарылған күні, жүргізілген түзету күні және түзету көрсетіле отырып жеткізу валютасы, тауардың фактуралық құны, келісімшарттың деректемелері және келісімшарттың есептік нөмірі көрсетіледі;

2) егер тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша мәліметтер сұратылса, экспортердің немесе импортердің БСН немесе ЖСН, резидент еместің деректемелері, тауарларды әкелу туралы өтініштің тіркеу нөмірі (импорт кезінде) немесе Одақтың салық органында тауарларды әкелу туралы өтінішті тіркеу

туралы белгі нөмірі (экспорт кезінде), салық органында тауарларды әкелу туралы өтінішті тіркеу туралы белгі күні (экспорт кезінде), тауарды есепке қою күні (импорт кезінде) немесе шот-фактура күні (экспорт кезінде), жүргізілген түзетулер күндері, тауардың құны, келісімшарттың деректемелері көрсетіледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

53-1. Экспортер немесе импортер валюталық бақылау құжаты ретінде ұсынған тауарларға декларация келісімшартты есептік тіркеу банкінің ақпараттық жүйесінде болмаған жағдайда, мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі экспортер немесе импортер өтініш жасағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік кірістер органының ақпараттық жүйесінде тауарларға декларацияның болуы туралы анықтаманы береді.

Ескерту. 6-тарау 53-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Өтпелі ережелер

54. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін мәміле паспортын ресімдеген келісімшарт есептік тіркеуге қабылданған деп саналады. Келісімшартқа есептік нөмірді тағайындау экспортердің немесе импортердің уәкілетті банкке өтініш беруіне орай не келісімшарт бойынша ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізу кезінде осы Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша өтініш бермей-ақ осы Қағидалардың 25-тармағында көзделген тәртіппен бұрын ресімделген мәміле паспортының нөмірі мен күнін келісімшартқа ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Келісімшарт есептік тіркеу рәсімінен өткеннен кейін мәміле паспорты бес күнтізбелік жыл бойы мұрағатта сақталады.

55. Мәміле паспорты 2006 жылғы 31 желтоқсанға дейін ресімделген және резиденттің резидент емеске 180 күннен астам мерзімге коммерциялық кредит беруге арналған лицензиясы бар келісімшарттар бойынша репатриациялау мерзімін экспортер немесе импортер есептейді және лицензияда белгіленген міндеттемелерді орындау мерзімінің күнінен бастап 180 күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілетті банкке ұсынады.

56. Резидент емес келісімшарт бойынша репатриациялау мерзімінде экспортердің немесе импортердің алдындағы есепті айдың (репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың) соңғы күнгі жағдай бойынша баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомадағы міндеттемелерді орындамағаны анықталған

кезде, уәкілетті банк 2011, 2012, 2013, 2014, 2015 жылдар және 2016 жылғы бірінші жартыжылдық есепті кезеңдері үшін келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарттар бойынша Одақтың кеден шекарасы арқылы тауарлардың қозғалысы туралы ақпаратты алған күннен бастап екі ай ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшада белгіленген нысан бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасын Ұлттық Банкке жібереді.

Ескерту. 7-тарау 56-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды жүзеге асыру және
резиденттердің экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік нөмірлерін алу
қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Келісімшарттың есептік нөмірін алуға өтініш

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

(банктің атауы)

Жалпы құны (болжамды құны) _____ (келісімшарттың
валютасы

көрсетіледі) экспортты немесе импортты (керегінің асты сызылады)

көздейтін _____ № _____ келісімшартқа есептік нөмір
беруді сұраймын.

Экспортер/импортер бойынша ақпарат:

атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған кезде) _____

БСН/ЖСН _____

Шетелдік сатып алушы (экспорт бойынша)

немесе жеткізуші (импорт бойынша) туралы

ақпарат:

атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған кезде) _____

елі _____

Репатриациялау мерзімі:

Мен Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7584 тіркелген, "Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларының 10-тармағында көрсетілген мерзімде ақпараттарды және (немесе) құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабардармын.

Экспортер/импортер _____

басшысының қолы _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Мөр орны (ол болған кезде)

Өтініш қабылдаған күн

Келісімшартты есептік тіркеу банкінің белгілері

1-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау

1. "Банктің атауы" бағаны мыналарды ескере отырып, толтырылады:
егер келісімшартты есептік тіркеу банкі ретінде уәкілетті банк болса, онда уәкілетті банктің толық атауы көрсетіледі;

егер келісімшартты есептік тіркеу банкі ретінде уәкілетті банктің филиалы немесе Ұлттық Банктің филиалы болса, филиалдың толық атауы көрсетіледі.

2. "Елі" бағанында шетелдік сатып алушының немесе жеткізушінің тұрған елінің коды ҚР МЖ 06 ИСО 3166,1-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлік. Ел коды", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.2-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 2-бөлік. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.3-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 3-бөлік. Елдердің атауларын белгілеу үшін бұрын пайдаланылған кодтар" мемлекеттік жіктеуішке сәйкес көрсетіледі.

3. "Репатриациялау мерзімі" бағаны нүктемен бөлінген екі бөліктен тұрады:

бірінші бөлікте репатриациялау мерзімінің күн саны көрсетіледі;
екінші бөлікте репатриациялау мерзімінің толық жыл саны көрсетіледі.

4. "Келісімшартты есептік тіркеу банкінің белгілері" бағаны келісімшартты есептік тіркеу банкінің қызметтік ақпаратына арналған.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды жүзеге асыру және
резиденттердің экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік нөмірлерін алу
қағидаларына 2-қосымша

1. Репатриациялау мерзімін есептеу тәртібі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Репатриациялау мерзімін есептеу мақсаты үшін күнтізбелік күн пайдаланылады, бұл ретте 30 күн мерзімі бір ай болып, 360 күн бір жыл болып қолданылады.

2. Репатриациялау мерзімі резидент еместің келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындаудың ең ұзақ мерзімі ретінде есептеледі және нүктемен бөлінген екі бөліктен тұратын цифрлық код түрінде көрсетіледі:

бірінші бөлікте үш цифр егер репатриациялау мерзімі 360 күннен аз болса немесе асып кетсе, толық емес жыл бойынша күндер санын көрсетеді;

екінші бөлікте екі цифр репатриациялау мерзімінің толық жыл санын көрсетеді.

3. Экспорт бойынша репатриациялау мерзімі мынадай тәртіппен есептеледі:
егер келісімшарт бойынша тауарларды Одақтың кеден шекарасынан өткізу көзделсе және экспортердің тауар жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының шекарасынан өткеннен кейін тауарды тапсыру болып табылса, экспортер репатриациялау мерзімін келісімшарт бойынша резидент еместің тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындауының ең ұзақ мерзіміне тауарды мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі шығарған соң тауарды тапсыру орнына дейін жеткізу үшін қажетті, бір жылдан аспауға тиіс мерзімді қоса отырып есептейді;

егер келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасы мен Одаққа мүше басқа мемлекеттің арасында тауарларды өткізу көзделсе және экспортердің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасы шекарасынан өткеннен

кейін тауарды тапсыру болып табылса, экспортер репатриациялау мерзімін келісімшарт бойынша резидент еместің тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындауының ең ұзақ мерзіміне тапсыру орнына дейін тауарды жеткізу үшін қажетті, бір жылдан аспауға тиіс мерзімді қоса отырып есептейді;

егер экспортердің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Қазақстан Республикасы шекарасынан өткенге дейін тапсыру болып табылса, экспортер репатриациялау мерзімі ретінде келісімшарт бойынша резидент еместің тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындауының ең ұзақ мерзімін көрсетеді;

егер келісімшартта резидент еместің тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындауының әртүрлі талаптары (тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ақыны экспортердің тауарларды тиегенге, жұмыстарды орындағанға немесе қызметтерді көрсеткенге дейін төлеуі не тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ақыны экспортердің тауарларды тиегеннен, жұмыстарды орындағаннан немесе қызметтерді көрсеткеннен кейін төлеуі) көзделсе, экспортер репатриациялау мерзімін экспортердің тауарларды тиегеннен, жұмыстарды орындағаннан немесе қызметтерді көрсеткеннен кейін резидент еместің тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындауының келісімшартта белгіленген мерзімін ескере отырып есептейді;

егер келісімшартта экспорт бойынша валюта түсімінің экспорт күні басталғанға дейін (резидент еместің алдын ала ақы төлеуі) не 180 күннен аспайтын мерзімде түсуі көзделсе, мерзім 180 күн деп көрсетіледі;

егер келісімшартта тауарларды экспорт үшін Қазақстан Республикасы мен Одаққа мүше басқа мемлекет арасында өткізу көзделсе, экспортер есептеген репатриациялау мерзіміне резидент еместен жанама салықтарды төлеу (ҚҚС салудан және (немесе) акциздерден босату) туралы растауы бар тауарларды әкелу туралы өтінішті алу үшін қажетті 180 күндік уақыт кезеңі қосылады.

4. Импорт бойынша репатриациялау мерзімі мынадай тәртіппен есептеледі:

егер резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының шекарасынан өткізгеннен кейін тауарды тапсыру болып табылса, импортер репатриациялау мерзімін шетелдік жеткізушінің келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауының ең ұзақ мерзіміне пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімін (ол келісімшартта болған кезде) қосу арқылы есептейді ;

егер келісімшарт бойынша тауарды Одақтың кеден шекарасы арқылы өткізу және резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының шекарасынан өткенге дейін тауарды тапсыру болып табылса, импортер репатриациялау мерзімін резидент еместің тауарды жеткізу бойынша

міндеттемелерді орындауының келісімшарт бойынша ең ұзақ мерзіміне тауарды Қазақстан Республикасының шекарасына дейін жеткізу және мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің тауарды шығару үшін қажетті мерзімін (бір жылдан аспауы тиіс), пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімін (ол келісімшартта болған кезде) қосу арқылы есептейді;

егер келісімшарт бойынша тауарды Қазақстан Республикасы мен Одаққа мүше басқа мемлекеттің арасында өткізу және резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының шекарасынан өткізгенге дейін тауарды тапсыру болып табылса, импортер репатриациялау мерзімін резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерді

орындауының келісімшарт бойынша ең ұзақ мерзіміне тауарды Қазақстан Республикасының шекарасына дейін жеткізуге қажетті мерзімді, пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімін (ол келісімшартта бар болған кезде) қосу арқылы есептейді;

егер келісімшартта резидент еместің тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерді орындаудың әртүрлі талаптары (тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін төлем және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылғанға дейін не тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін төлем және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылғаннан кейін) көзделсе, импортер репатриациялау мерзімін келісімшартта белгіленген тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін төлем жүргізгеннен және (немесе) ақша аударғаннан кейін резидент еместің тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету бойынша міндеттемесін орындау мерзімін ескере отырып, есептейді;

егер келісімшартта тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін төлемді жүргізгенге дейін және (немесе) ақша аударғанға дейін (резидент еместің тауарларды алдын ала жеткізуі, алдын ала жұмысты орындауы немесе қызметтерді көрсетуі) не төлем жүргізген және (немесе) ақша аударған күннен бастап 180 күннен аспайтын мерзімде көзделсе, репатриациялау мерзімі 180 күнге тең деп көрсетіледі;

егер келісімшарт тауарларды импорт үшін Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына өткізуді көздесе, импортер есептеген репатриациялау мерзіміне жанама салықтарды төлеу (ҚҚС салудан және (немесе) акциздерден босату) туралы растауы бар тауарларды әкелу туралы өтінішті алу үшін қажетті 180 күндік уақыт кезеңі қосылады.

2. Экспорт бойынша репатриациялау мерзімін есептеу мысалдары

1) келісімшартқа сәйкес экспортердің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада тапсырғаннан кейін орындалды деп саналады. Резидент еместің тауарға ақы төлеуі: ішінара — алдын-ала ақы төлеу, ішінара — экспортер тауарды тиегеннен кейін ақы төлеу арқылы. Резидент еместің тауарға ақы төлеуінің ең ұзақ мерзімі - 210 күн. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесі тауарды шығарған күні мен резидент емеске тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада тапсыру күні арасындағы экспортер болжайтын мерзім - 30 күн.

Есеп: $210 \text{ күн} + 30 \text{ күн} = 240 \text{ күн}$, яғни 240 күн, 00 жыл.

Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 240.00 деп көрсетеді;

2) келісімшартқа сәйкес экспортердің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада тауарды тапсырғаннан кейін орындалды деп саналады. Резидент емес тауардың ақысын ішінара алдын ала ақы төлеу арқылы, ішінара экспортер тауарды түсіргеннен кейін төлейді. Резидент еместің тауардың ақысын төлеуінің ең көп мерзімі – 210 күн. Тауардың Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өту күні мен тауарды Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада резидент емеске тапсыру күні арасындағы экспортер болжайтын мерзім – 10 күн.

Резидент еместен жанама салықтарды төлеу (ҚҚС салудан және (немесе) акциздерден босату) туралы растауы бар тауарларды әкелу туралы өтінішті алу үшін қажетті уақыт кезеңі – 180 күн.

Есеп: $210 \text{ күн} + 10 \text{ күн} + 180 \text{ күн} = 400 \text{ күн}$, яғни 40 күн, 01 жыл.

Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 040.01 деп көрсетеді;

3) келісімшартқа сәйкес экспортердің тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемесі тауарды Алматы-1 станциясында тапсырғаннан кейін орындалды деп саналады. Резидент емес тауарға ақы төлеуді экспортер тауарды тиегеннен кейін жүзеге асырады. Тауарға ақы төлеудің ең ұзақ мерзімі - 210 күн.

Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 210.00 деп көрсетеді;

4) келісімшартқа сәйкес резидент емес тауарға, жұмысқа немесе көрсетілетін қызметке алдын ала ақы төлеуді толық көлемде жүзеге асырады.

5) Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді;

б) келісімшартқа сәйкес резидент еместің тауарға, жұмысқа немесе көрсетілетін қызметке ақы төлеуінің ең ұзақ мерзімі - 160 күн.

Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді.

3. Импорт бойынша репатриациялау мерзімін есептеу мысалдары

1) келісімшартқа сәйкес резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада тауарды тапсырғаннан кейін орындалды деп есептеледі. Резидент еместің тауарды жеткізуі: ішінара — алдын ала жеткізу арқылы, ішінара — тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударылғаннан кейін. Резидент еместің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі - 800 күн. Резидент еместің тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада тапсыру күні мен мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің тауарды шығару күнінің арасындағы импортер болжайтын мерзім - 70 күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада тауарды тапсыруды болжамдалған күнінен бастап - 100 күн.

Есеп: $800 \text{ күн} + 70 \text{ күн} + 100 \text{ күн} = 970 \text{ күн}$, яғни 250 күн, 02 жыл.

Импортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 250.02 деп көрсетеді;

2) келісімшартқа сәйкес резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада тауарды тапсырғаннан кейін орындалды деп саналады. Резидент еместің тауарды жеткізуі екі тәсілмен жүзеге асырылады: алдын ала жеткізу арқылы және тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударылғаннан кейін. Резидент еместің тауарды жеткізуінің ең көп мерзімі – 800 күн. Резидент еместің тауарды Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада тапсыру күні мен тауарды Қазақстан Республикасының шекарасына дейін жеткізу күнінің арасында импортер болжайтын мерзім – 30 күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі – тауарды Одаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында орналасқан қалада тапсырудың болжамдалатын күнінен бастап – 100 күн. Тауарларды әкелу, жанама салықтарды төлеу немесе ҚҚС салудан және (немесе) акциздерден босату туралы растауы бар өтінішті ресімдеу мерзімі – 180 күн.

Есеп: $800 \text{ күн} + 30 \text{ күн} + 100 \text{ күн} + 180 \text{ күн} = 1110 \text{ күн}$, яғни 030 күн, 03 жыл.

Импортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 030.03 деп көрсетеді;

3) келісімшартқа сәйкес резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Одақтың аумағынан тыс орналасқан қалада тапсырғаннан кейін орындалды деп саналады. Резидент еместің тауарды жеткізуі: ішінара - алдын ала жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударылғаннан кейін. Резидент еместің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі - 210 күн. Мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшесінің тауарды шығару күні мен резидент емес тауарды Одақтың кеден аумағынан тыс орналасқан қалада тапсырған күні арасындағы импортер болжайтын мерзім - 70 күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі келісімшартта анықталмаған.

Есеп: $210 \text{ күн} + 70 \text{ күн} = 280 \text{ күн}$, яғни 280 күн, 00 жыл.

Импортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 280.00 деп көрсетеді;

4) келісімшартқа сәйкес резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Алматы-1 станциясында тапсырғаннан кейін орындалды деп саналады. Резидент еместің тауарды жеткізуі: ішінара алдын ала жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударғаннан кейін. Резидент еместің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі - 100 күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі - 100 күн.

Есеп: 100 күн + 100 күн = 200 күн, яғни 200 күн, 00 жыл.

Импортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 200.00 деп көрсетеді;

5) келісімшартқа сәйкес резидент еместің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауарды Алматы-1 станциясында тапсырғаннан кейін орындалды деп саналады. Резидент еместің тауарды жеткізуі: ішінара - алдын ала жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізілгеннен кейін және (немесе) ақша аударғаннан кейін. Резидент еместің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі - 100 күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі келісімшартта анықталмаған.

Импортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді;

6) келісімшартқа сәйкес резидент емес тауарды алдын ала жеткізуді немесе жұмысты алдын ала орындауды, алдын ала қызмет көрсетуді толық көлемде жүзеге асырады.

Импортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді;

7) келісімшартқа сәйкес резидент еместің тауарды жеткізуінің немесе жұмысты орындауының, қызмет көрсетуінің ең ұзақ мерзімі - 160 күн.

Импортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 деп көрсетеді.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бакылауды жүзеге асыру және
резиденттердің экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік нөмірлерін алу
қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Келісімшарттарды тіркеу журналы

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

_____ келісімшартты есептік тіркеу банкінің атауы

_____ жылы басталды

_____ жылы аяқталды

№	Келісімшарттың есептік нөмірін беру күні	Экспортердің немесе импортердің атауы немесе тегі, әкесінің аты (бар болса)	Келісімшарттың деректемелері
1	2	3	4

3-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау

1. Келісімшарттың есептік нөмірі көлбеу сызықпен бөлінген мынадай төрт бөліктен тұрады:

1) бірінші бөлігінде келісімшарт экспорт бойынша болса "1" белгісі көрсетіледі, егер келісімшарт импорт бойынша "2" белгісі көрсетіледі;

2) екінші бөлікте Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7960 тіркелген, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 236 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік сәйкестендіру кодтарын беруі, пайдалануы және күшін жоюы, сондай-ақ банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың кодтарын және банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар филиалдарының кодтарын беру және күшін жою, олардың құрылымдары, Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың анықтамалығын қалыптастыру және жүргізу туралы нұсқаулыққа сәйкес Ұлттық Банк беретін келісімшартты есептік тіркеу банкінің үш мәнді коды көрсетіледі;

3) үшінші бөлігінде келісімшартты есептік тіркеу банкінің уәкілетті банктің ішкі анықтамалығына сәйкес төрт цифрдан тұратын коды көрсетіледі;

4) төртінші бөлігінде келісімшарттарды тіркеу журналына сәйкес экспорт немесе импорт бойынша келісімшарттың реттік нөмірі көрсетіледі.

2. Келісімшарттарды тіркеу журналын есептік тіркеу банкі экспорт және импорт бойынша жеке жылдан жылға жүйелі түрде жүргізеді.

Келісімшарттарды тіркеу журналының 1-бағанында келісімшарттың күнтізбелік жыл ішіндегі реттік нөмірі көрсетіледі. Бұл реттік нөмір келісімшарттың есептік нөмірінің төртінші бөлігін айқындайды.

Егер келісімшарттарды тіркеу журналы қағаз тасымалдауышта жүргізілсе аяқталғаннан кейін журналға келісімшартты есептік тіркеу банкінің басшысы не өзге де тиісті өкілеттіктері бар тұлға қолын қояды және ол келісімшартты есептік тіркеу банкінің мұрағатында сақталады.

Егер келісімшарттарды тіркеу журналы электрондық түрде жүргізілген жағдайда күнтізбелік жыл аяқталған соң журналға келісімшартты есептік тіркеу банкі басшысының не өзге де тиісті өкілеттіктері бар тұлғаның электрондық цифрлық қолы қойылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды
жүзеге асыру және резиденттердің
экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік
нөмірлерін алу қағидаларына
3-1-қосымша

Келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы бойынша қолда бар ақпаратты алуға арналған сұрау салу нысаны

Ескерту. Қағида 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жіберетін: келісімшарт бойынша репатриациялау талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Ұлттық Банкке

Нысан

Келісімшарттың алдыңғы есептік нөмірінің деректемелері		Экспортердің немесе импортердің деректемелері		
Нөмірі	Күні	БСН	ЖСН	Белгісі – заңды тұлға немесе дара кәсіпкер
1	2	3	4	5

Келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы бойынша қолда бар ақпаратты алуға арналған сұрау салу нысанына қосымша

Келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы бойынша қолда бар ақпаратты алуға арналған сұрау салу нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме келісімшарт бойынша тауарлардың қозғалысы бойынша қолда бар ақпаратты алуға арналған сұрау салу нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды келісімшарт бойынша репатриациялау талаптың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банк толтырады.

2. Нысанды толтыру

4. 1 және 2-бағандарда, тиісінше, келісімшарттың есептік нөмірі және оның берілген күні көрсетіледі.

5. 2-баған мынадай тәртіппен сегіз цифрды көрсету арқылы толтырылады: күні, айы, жылы.

6. 3-баған, егер 5-бағанда "1" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің БСН-н көрсету арқылы толтырылады.

7. 4-баған, егер 5-бағанда "2" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің ЖСН-н көрсету арқылы толтырылады.

8. Егер экспортер немесе импортер заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) болып табылса, 5-бағанда "1" белгісі көрсетіледі немесе егер экспортер немесе импортер дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды жүзеге асыру және
резиденттердің экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік нөмірлерін алу
қағидаларына 4-қосымша

"Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай

Индекс: ЕІСС__1

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Ұлттық Банк

Ұсыну мерзімі:

төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын төлем карточкаларын пайдаланбай экспортердің немесе импортердің уәкілетті банктегі банк шоттары арқылы жүзеге асыру жолымен есепті айда келісімшарт бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда - есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күніне дейінгі мерзімде;

төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын төлем карточкаларын пайдаланып және (немесе) өзге тәсілмен жүзеге асыру арқылы келісімшарт бойынша міндеттемелер орындалған жағдайда - экспортердің немесе импортердің не келісімшартты есептік тіркеу банкі болып табылмайтын банктің растау ақпаратын және (немесе) құжаттарды ұсынған айдан кейінгі айдың он бесінші күніне дейінгі мерзімде

Нысан

Уәкілетті банктің БСН _____

№	Келісім-шарттың есептік нөмірінің деректемелері		Жіберуші							
	№	Күні	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	БСН	ЖСН	Белгісі - заңды тұлға немесе жеке тұлға	Елі	Облыстың коды	Резиденттік коды	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

кестенің жалғасы

Алушы							Төлем және (немесе) ақша аударымы немесе міндеттемелерді орындаудың өзге тәсілдері туралы ақпарат					
Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	БСН	ЖСН	Белгісі заңды тұлға немесе жеке тұлға	Елі	Облыстың коды	Резиденттік коды	Күні	Сомасы бірлік пен	Есеп айырысу валютасы	Есеп айырысу тәсілінің коды	Белгісі шығыс, кіріс	
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	

20 _____ жылғы _____ " _____ "

(қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі,
аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы)

Мөр орны
(ол болған кезде)
"Келісімшарттың есептік нөмірі бар
келісімшарт бойынша міндеттемелердің

"Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Ескерту. Түсіндірмеге өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Уәкілетті банк Нысанды толтыру кезінде тауарларға арналған декларациялардан басқа, келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша, міндеттемелерді орындаудың өзге тәсілдері бойынша қолданыстағы деректерді пайдаланады.

2. Нысанды толтыру

4. 2, 3-бағандарда келісімшарттың есептік нөмірі және оның берілген күні көрсетіледі.

5. 3, 18-бағандар мынадай тәртіппен сегіз санды көрсету арқылы толтырылады: күні, айы, жылы.

6. "Жіберуші", "Алушы" деген бағандарда Одақтың кеден аумағы ішінде тауарларды жеткізу туралы ақпарат жіберген кезде тиісінше экспортер немесе импортер туралы мәлімет көрсетіледі.

7. 5, 12-бағандар, егер 7, 14-бағандарда "1" белгісі көрсетілсе, жіберушінің немесе алушының БСН көрсету арқылы толтырылады.

8. 5, 6, 12, 13-бағандар, егер жіберуші немесе алушы резиденттер болып табылса, толтырылады.

9. 6, 13-бағандар, егер 7, 14-бағандарда "2" белгісі көрсетілсе, жіберушінің немесе алушының ЖСН көрсету арқылы толтырылады.

10. 7, 14-бағандарда, егер жіберуші немесе алушы заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) болып табылса, "1" белгісі көрсетіледі немесе жіберуші немесе алушы жеке тұлға болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

11. 8, 15-бағандар ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлік. Ел коды", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.2-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 2-бөлік. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.3-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 3-бөлік. Елдердің атауларын белгілеу үшін бұрын пайдаланылған кодтар" мемлекеттік жіктеуіштерін пайдалана отырып толтырылады.

12. 9, 16-бағандарда (егер жіберуші немесе алушы резидент болса) ҚР МЖ 11-2009 әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес жіберушінің немесе алушының облыс кодының алғашқы 2 цифры көрсетіледі.

13. 10, 17-бағандар төлем мақсатының бірыңғай жіктеуішінің мемлекеттік жіктеуіштің мақсаты үшін пайдаланылатын резиденттік анықтамасына сәйкес толтырылады.

14. 20-бағанда ҚР МЖ 07 ИСО 4217-2001 "Валюталар мен қорларды белгілеу үшін кодтар" мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес валютаның әріптік белгісі көрсетіледі.

15. 21-баған мынадай жіктеуіш ескеріле отырып толтырылады:

"11" - аккредитив шеңберінде ақша төлемі және (немесе) аударымы;

"12" - банк кепілдігі шеңберінде ақша төлемі және (немесе) аударымы;

"13" - экспорт бойынша алдын ала ақы төлеу (импорт бойынша алдын ала жеткізу);

"14" - экспорт бойынша тауар тиелгеннен кейін ақы төлеу (импорт бойынша тауарға ақы төлегеннен кейін жеткізу);

"29" - міндеттемелерді басқалай орындау.

"13" немесе "14" есеп айырысу тәсілінің коды ақша төлемі және (немесе) аударымын жүргізген күні келісімшарт бойынша нақты орын алған жағдайды негізге ала отырып көрсетіледі.

"29" есеп айырысу тәсілінің коды резидент емеске басқа резидентке талап ету құқығын беру, есепке алу, резиденттің борышын басқа тұлғаға аудару, вексельді беру, бағалы қағаздарды беру, жұмысты орындау (қызмет көрсету), резидент емес келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындамау тәуекелін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін алуды қоса алғанда, келісімшарт бойынша "11", "12", "13", "14" кодтары көрсетілмеген есеп айырысу тәсілдерін пайдаланған кезде көрсетіледі.

16. 22-баған мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1-шығыс (яғни шетел сатып алушысының немесе шетел жеткізушінің пайдасына міндеттемелерді орындау) және 2-кіріс (яғни экспортердің немесе импортердің пайдасына міндеттемелерді орындау).

17. "Қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы", "Мөр орны (ол болған кезде)" деген бағандар Нысанды қағаз тасымалдағышта ұсынған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық
валюталық бақылауды жүзеге асыру және
резиденттердің
экспорт және импорт бойынша
келісімшарттардың есептік
нөмірлерін алу қағидаларына 5-қосымша

"Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 184 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: _____ жылғы _____ (күні) _____ (айының)

Индекс: EICC_2

Кезеңділігі: күн сайын

Ұсынады: уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Ұлттық Банк

Ұсыну мерзімі - үш жұмыс күнінен кешіктірмей:

келісімшартқа есептік нөмір берген немесе келісімшартты есептік тіркеуден алған күннен кейін;

уәкілетті банк келісімшартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді растайтын құжаттарды қабылдаған күннен кейін

Нысан

_____ (жылғы) _____ (күні) _____ (айының)

Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша ақпарат

Уәкілетті банктің БСН _____

Келісімшартты есептік тіркеу немесе мәміле паспортының деректемелері	Экспортер немесе импортер жөніндегі ақпарат						
--	---	--	--	--	--	--	--

№	Мәміле паспортының деректемелері		Келісімшарттың есептік нөмірі		Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	БСН	ЖСН	Белгісі - заңды тұлға немесе дара кәсіпкер	Облыс коды
	№	Күні	№	Күні					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Келісімшарт бойынша ақпарат					Резидент емес			Келісімшартты есептік тіркеуден алу	
Белгісі - экспорт немесе импорт	Нөмірі	Күні	Келісімша рт сомасы мың бірлікпен	Келісімшарттың валютасы	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Елі	Репатриация лау мерзімі	күні	негіздеме

20 _____ жылғы " _____ " _____

(қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің
аты (ол болған кезде) және қолы)

Мөр орны
(ол болған кезде)
Келісімшарттың есептік нөмірі бар
келісімшарт бойынша ақпарат" әкімшілік
деректерді жинауға арналған нысанға
қосымша

"Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Уәкілетті банк Нысанды толтыру кезінде есептік тіркеуге қабылданған келісімшарттар бойынша қолда бар деректерді пайдаланады.

2. Нысанды толтыру

4. Есептік тіркелуге тиіс келісімшарттар бойынша ақпарат жіберілген кезде 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-бағандар толтырылады.

5. Келісімшартқа тараптардың келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімдері мен талаптарына, келісімшарттың сомасы мен валютасына әсер ететін өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы ақпаратты жіберген кезде 4, 5-бағандар, сондай-ақ мәліметтері нақтылауға жататын бағандар толтырылады.

6. Осы Қағидалардың 54-тармағында көрсетілген жағдайда, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 20-бағандар толтырылады. 2 және 3-бағандарда мәміле паспортының нөмірі мен күні көрсетіледі.

7. Келісімшартты есептік тіркеуден алу туралы ақпарат жіберілген кезде 4, 5, 19, 20-бағандар толтырылады.

8. 3, 5, 13, 19-бағандар мынадай тәртіппен сегіз цифрды көрсету арқылы толтырылады: күні, айы, жылы.

9. 7-баған, егер 9-бағанда "1" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің БСН көрсету арқылы толтырылады. БСН болмаған жағдайда, экспортердің немесе импортердің кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы мемлекеттік жіктеуішінің коды (бұдан әрі - КҰЖЖ) көрсетіледі.

10. 8-баған, егер 9-бағанда "2" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің ЖСН көрсету арқылы толтырылады. ЖСН болмаған жағдайда, экспортер немесе импортер салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТН) көрсетіледі.

11. 9-бағанда, егер экспортер немесе импортер заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) болып табылса, "1" белгісі көрсетіледі және егер экспортер немесе импортер дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

12. 10-бағанда ҚР МЖ 11-2009 әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес экспортердің немесе импортердің заңды мекенжайы бойынша облыс кодының алғашқы 2 цифрі көрсетіледі.

13. 11-баған мынадай белгілерді ескере отырып толтырылады: 1 - егер келісімшарт экспорт бойынша болса және 2 - егер келісімшарт импорт бойынша болса.

14. 12-баған келісімшарттың нөмірін көрсету арқылы келісімшарттың осындай деректемесі болған кезде толтырылады.

15. 14, 16-бағандарда ҚР МЖ 07 ИСО 4217-2001 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" мемлекеттік жіктеуішке сәйкес валютаның әріптік белгісі көрсетіледі.

16. 17-бағанда шетелдік сатып алушы немесе жеткізуші елінің коды ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлік. Ел коды", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.2-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 2-бөлік. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.3-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 3-бөлік. Елдердің атауларын белгілеу үшін бұрын пайдаланылған кодтар" мемлекеттік жіктеуіштеріне сәйкес көрсетіледі;

17. 18-бағанда экспортер немесе импортер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес есептеген репатриациялау мерзімі көрсетіледі.

18. 20-баған мынадай жіктеуіш ескеріле отырып толтырылады:

1 - тараптардың келісімшарт бойынша міндеттемелерін толық орындауы не резидент еместің немесе резиденттің баламасы елу мың АҚШ долларынан аспайтын берешек қалдығының болуы не талабынан бас тартқаны үшін төлем төленген, өзара есепке алынған, борышқор мен кредитордың бір тұлға болған, міндеттемелерді орындауға мүмкіндік болмаған, мемлекеттік органның актісі шыққан жағдайларында, экспортердің немесе импортердің келісімшарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуы туралы жазбаша растауы және растайтын құжаттар болған кезде міндеттемелердің тоқтатылуы;

2 - импортердің осы келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы жазбаша растауы болған кезде резидент емеске бұрын алынған тауарларды қайтару не импортерге пайдаланылмаған авансты қайтару;

3 - экспортер осы келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғаны туралы жазбаша растауы болған кезде резидент емес тауарға ақы төлеу міндеттемесін орындамаған жағдайда, экспортерге бұрын тиелген тауарларды қайтару не экспортер тауарды жеткізу бойынша міндеттемесін орындамаған жағдайда экспортер экспорт бойынша келісімшарттың төлемі бойынша алған валютаны резидент емеске қайтару;

4 - экспортер немесе импортер резидент еместің алдындағы міндеттемелерін орындамаған жағдайда, экспортер немесе импортер алдындағы міндеттемелерін толық көлемде орындаған резидент емес тарапынан талабы жоқтығын растайтын құжаттарды ұсыну;

5 - дара кәсіпкер ретінде тіркелген экспортердің немесе импортердің Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жерге қоныс аударуы туралы уәкілетті органының растауы;

6 - тараптардың міндеттемелерін баламалы орындауы немесе резидент еместің не резиденттің баламасы елу мың АҚШ долларынан аспайтын берешек қалдығының болуы шартымен тараптар міндеттемелерін орындаған соңғы күнінен бастап бір жыл ішінде келісімшарт бойынша ақша немесе тауар қозғалысының болмауы;

7 - резидент еместі тарату немесе банкрот деп тану туралы сот шешімінің не шетел мемлекетінің өзге уәкілетті мемлекеттік органы құжатының болуы;

8 - құқықтық мирасқоры болмаған жағдайда, экспортерді немесе импортерді тарату;

9 - резидент емес міндеттемелерін орындамау тәуекелін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде экспортердің немесе импортердің сақтандыру төлемін алуы;

10 - ақшалай талап етуді бере отырып (факторинг) қаржыландыру шарты шеңберінде экспортердің немесе импортердің банк шотына ақша түсуі;

11 - келісімшартты есептік тіркеу банктің банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензиясын тоқтата тұру не одан айыру;

12 - тараптар келісімшарт бойынша міндеттемелерін толық көлемде орындаған не резидент еместің баламасы елу мың АҚШ долларынан аспайтын берешегінің қалдығы болған кезде резидент емес ұсынған, келісімшарт бойынша есеп айырысу үшін импортердің шығарған векселін уәкілетті банктің есепке алуы;

13 - экспортердің немесе импортердің келісімшарт бойынша резидент еместің алдындағы борышын резидент еместің келісімін растайтын құжаттардың негізінде басқа тұлғаға аударуы және экспортердің немесе импортердің осы келісімшарттың қолданылуын тоқтату туралы келісімшартты есептік тіркеу банкіне ұсынылған жазбаша өтініші болған кезде;

14 - растайтын құжаттар (талап ету құқығын беру шарты, өзара міндеттемелер бойынша салыстырып тексеру актісі, тауарларды қабылдау-тапсыру актісі, тауарға ілеспе құжаттар және тағы басқалар) және экспортердің немесе импортердің осы Қағидалардың 38-тармағын ескере отырып, осы келісімшарттың қолданылуы тоқтатылғаны туралы жазбаша өтініші болған кезде экспортердің немесе импортердің резидент емеске талап ету құқығын басқа тұлғаға беруі немесе аударуы;

15 - өзіндік кәсіпкерлікті жүзеге асыратын дара кәсіпкер ретінде тіркелген экспортердің немесе импортердің қайтыс болғандығы, қайтыс болған деп жариялануы, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуы туралы мемлекеттік органның немесе өзге уәкілетті органның құжаты болуы;

16 - келісімшартты жеке есепке алуға жатқызған күнінен бастап үш жыл өтуі;

17 - экспорттердің немесе импорттердің осы Қағидалардың 32-тармағын ескере отырып экспорттерге немесе импорттерге келісімшарт бойынша қызмет көрсететін келісімшартты есептік тіркеу банкін ауыстыруы;

18 - келісімшартқа экспорт немесе импорт үшін тауарды Қазақстан Республикасының шекарасынан өткізуге жол бермейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

19 - келісімшарт бойынша ақша мен тауар қозғалысының болмауы;

20 - осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, резидент еместің келісімшарт бойынша резидент алдындағы барлық берешек сомасын өтеу бойынша резиденттің пайдасына сот немесе өзге де мемлекеттік органның, төреліктің шешімі болуы;

21 - сол тұлғалардың арасындағы бар бастапқы міндеттемені өзге нысананы немесе өзге орындау тәсілін көздейтін басқа міндеттемеге ауыстырумен резидент еместің келісімшарт бойынша міндеттемелерін тоқтату.

19. Ұлттық Банк осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес есептік тіркеуге жататын келісімшарттар бойынша ақпаратты мемлекеттік кірістер органына жіберген кезде 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12, 13, 19 және 20-бағандарда көрсетілген мәліметтер жіберіледі.

20. "Қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы", "Мөр орны (ол болған кезде" деген бағандар Нысанды қағаз тасымалдағышта ұсынған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды
жүзеге асыру және резиденттердің
экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік
нөмірлерін алу қағидаларына
6-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарттар бойынша тауарлардың Одақтың кеден шекарасы арқылы қозғалысы туралы ақпарат" нысаны

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: _____ жылғы _____ айы

Индексі: ЕІСС_3

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: мемлекеттік кірістер органы

Нысан қайда ұсынылады: Ұлттық Банкке

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмамына дейінгі мерзімде

Нысан

Тауарларға арналған декларациядағы тауардың нөмірі	Келісімшарттың есептік нөмірінің деректемелері		Белгісі – экспорт немесе импорт	Келісімшарттың деректемелері		Экспортердің немесе импортердің деректемелері		
	Нөмірі	Күні		Нөмірі	Күні	БСН	ЖСН	Белгісі – заңды тұлға немесе дара кәсіпкер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Тауарларға арналған декларацияның нөмірі	Тауарларға арналған декларацияда көрсетілген кедендік рәсім	Шот бойынша тауардың сомасы	Тауар шығарылған күн	Тауардың мәртебесі	Тауар мәртебесі өзгертілген күн	Тауардың құны		
						Статистикалық	Фактуралық	Жеткізу валютас:
10	11	12	13	14	15	16	17	18

20 ____ жылғы " ____ " _____

(қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Мөр орны
Әкімшілік деректерді жинауға арналған
"Келісімшарттың есептік нөмірі бар
келісімшарттар бойынша тауарлардың
Одақтың кеден шекарасы арқылы
қозғалысы туралы ақпарат"
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарттар бойынша тауарлардың Одақтың кеден шекарасы арқылы қозғалысы туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған "Келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарттар бойынша тауарлардың Одақтың кеден

шекарасы арқылы қозғалысы туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды мемлекеттік кірістер органы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмасына дейінгі мерзімде жібереді.

4. Мемлекеттік кірістер органы Нысанды толтыру кезінде келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарттар бойынша есепті айда ресімделген тауарларға арналған декларациялар туралы деректерді пайдаланады.

2. Нысанды толтыру

5. 1-бағанда тауарларға арналған декларациядағы тауардың реттік нөмірі көрсетіледі, 2 және 3-бағандарда келісімшарттың есептік нөмірі және ол берілген күн көрсетіледі.

6. 3, 6, 13, 15-бағандар мынадай тәртіппен сегіз цифрды көрсету арқылы толтырылады: күні, айы, жылы.

7. 4-баған мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 – егер келісімшарт экспорт бойынша болса және 2 – егер келісімшарт импорт бойынша болса.

8. 5-баған келісімшарттың нөмірі бар болған кезде келісімшарттың осындай деректемесін көрсету арқылы толтырылады.

9. 7-баған, егер 9-бағанда "1" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің БСН көрсету арқылы толтырылады.

10. 8-баған, егер 9-бағанда "2" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің ЖСН көрсету арқылы толтырылады.

11. 9-бағанда, егер экспортер немесе импортер заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) болып табылса, "1" белгісі немесе егер экспортер немесе импортер дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

12. 11-баған мемлекеттік кірістер органының аумақтық бөлімшелері Одақтың кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды декларациялау мақсатында пайдаланатын жіктеуішке сәйкес кеден рәсімінің цифрлық белгісін көрсете отырып толтырылады.

13. 12-бағанда тауардың шот бойынша жалпы сомасы көрсетіледі.

14. 15-бағанда тауардың мәртебесі өзгертілген күн көрсетіледі.

15. 16-бағанда тауардың статистикалық құны АҚШ доллары бірлігімен көрсетіледі.

16. 17-бағанда тауардың фактуралық құны жеткізу валютасының бірлігімен көрсетіледі.

17. 18-бағанда ҚР МЖ 07 ИСО 4217-2001 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес жеткізу валютасының әріптік белгісі көрсетіледі.

18. 19-бағанда фактуралық құнға қайта санау үшін пайдаланылған және тауарларға арналған декларацияда көрсетілген валюта бағамы көрсетіледі.

19. "Қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы", "Мөр орны" деген бағандар Нысан қағаз тасымалдағышта ұсынылған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды жүзеге асыру және
резиденттердің экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік нөмірлерін алу
қағидаларына 7-қосымша

**"№ _____ / _____ / _____ банктік бақылаудың жеке карточкасы
(есепті айдың соңындағы жағдай бойынша)"
өкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай

Индексі: ЕИСС ___ 4

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Ұлттық Банк

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың соңғы күніне дейінгі мерзімде

Нысан

№	Банктік бақылаудың жеке карточкасы бойынша ақпараттың атауы	Жолдың коды	Банктік бақылаудың жеке карточкасы бойынша ақпарат
1.	Банктік бақылаудың жеке карточкасын жіберуге негіз:	10	
2.	Экспортер немесе импортер бойынша ақпарат:	20	
3.	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	21	
4.	БСН	22	

5.	ЖСН	23	
6.	Белгісі - заңды тұлға немесе дара кәсіпкер	24	
7.	Мекенжайы	25	
8.	Облыстың коды	26	
9.	Келісімшарттың есептік нөмірінің немесе мәміле паспортының деректемелері:	30	
10.	Нөмірі	31	
11.	Күні	32	
12.	Келісімшартты есептік тіркеу банкінің БСН:	40	
13.	Келісімшарт бойынша ақпарат:	50	
14.	Белгісі - экспорт немесе импорт	51	
15.	Нөмірі	52	
16.	Күні	53	
17.	Мың бірлікпен сомасы	54	
18.	Келісімшарт валютасы	55	
19.	Резидент емес бойынша ақпарат:	60	
20.	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	61	
21.	Елі	62	
22.	Репатриациялау мерзімі:	70	
23.	Резидент еместің келісімшарт бойынша экспортер немесе импортер алдындағы репатриациялау мерзімдерінде орындамаған міндеттемелерінің сомасы туралы ақпарат:	80	
24.	Келісімшарт валютасымен	81	
25.	АҚШ долларымен	82	
26.	Ескертпе:	90	

20 ____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

(қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде) және қолы)

Мөр орны

(ол болған кезде)

"№ _____ / _____ / _____

банктік бақылаудың жеке карточкасы (есепті айдың соңындағы жағдай бойынша)" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"№ _____ / _____ / _____ банктік бақылаудың жеке карточкасы (есепті айдың соңындағы жағдай бойынша)" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Ескерту. Түсіндірмеге өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "№ _____ / _____ / _____ банктік бақылаудың жеке карточкасы (есепті айдың соңындағы жағдай бойынша)" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды уәкілетті банк ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың соңғы күніне дейінгі мерзімде жібереді.

4. Уәкілетті банк Нысанды толтырған кезде резидент еместің экспортер немесе импортер алдындағы келісімшарт бойынша орындалмаған міндеттемелері бойынша бар қолда бар деректерді есепті айдың (репатриациялау мерзімі аяқталған айдың) соңғы күніндегі жағдай бойынша баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға репатриациялау мерзімдерінде пайдаланады.

2. Нысанды толтыру

5. Банктік бақылаудың жеке карточкасының нөмірі көлбеу сызықпен бөлінген екі бөліктен тұрады:

бірінші бөлікте уәкілетті банктің БСН көрсетіледі;

екінші бөлікте уәкілетті банк (оның филиалдарын ескере отырып) үшін банктік бақылаудың жеке карточкасының бірегей нөмірі көрсетіледі.

6. 10 деген коды бар жолда "1" цифрі көрсетіледі — резидент еместің келісімшарт бойынша экспортер немесе импортер алдындағы есептік айдың

соңғы күніндегі жағдай бойынша баламасы елу мың АҚШ долларынан асатын сомаға репатриациялау мерзімінде міндеттемелерін орындамауы.

Ұлттық Банкке банктік бақылаудың жеке карточкасын жіберу күні экспортер немесе импортер уәкілетті банкке резидент еместің осы келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындауын растайтын немесе репатриациялаудың жаңа мерзімін белгілеу үшін негіз болып табылатын құжаттарды ұсынбаса, банктік бақылаудың жеке карточкасы Ұлттық Банкке жіберіледі.

7. 22 деген коды бар жол, егер 24 деген коды бар жолда "1" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің БСН көрсету арқылы толтырылады. БСН болмаған жағдайда, экспортердің немесе импортердің КҰЖЖ коды көрсетіледі.

8. 23 деген коды бар жол, егер 24 деген коды бар жолда "2" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің ЖСН-ін көрсету арқылы толтырылады. ЖСН болмаған жағдайда, экспортердің немесе импортердің СТН көрсетіледі.

9. 24 деген коды бар жолда, егер экспортер немесе импортер заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) болып табылса, "1" белгісі немесе экспортер немесе импортер дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

10. 26 деген коды бар жолда ҚР МЖ 11-2009 әкімшілік-аумақтық объектілерінің жіктеуішіне (ӨАОЖ) сәйкес экспортердің немесе импортердің заңды мекенжайы бойынша облыс кодының алғашқы 2 цифрі көрсетіледі.

11. 31, 32 деген кодтары бар жолдар келісімшарттың есептік нөмірі немесе мәміле паспорты бар болған жағдайда толтырылады.

12. 32, 53 деген кодтары бар жолдар мынадай тәртіппен сегіз санды көрсету арқылы толтырылады: күні, айы, жылы.

13. 40 деген коды бар жол келісімшартты есептік тіркеу банкінің БСН көрсету арқылы толтырылады.

14. 51 деген коды бар жолда экспорт бойынша келісімшарт үшін "1" белгісі немесе импорт бойынша келісімшарт үшін "2" белгісі көрсетіледі.

15. 52 деген коды бар жол келісімшарттың нөмірі бар болған кезде келісімшарттың осындай деректемесін көрсету арқылы толтырылады.

16. 55 деген коды бар жолда ҚР МЖ 07 ИСО 4217-2001 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" мемлекеттік жіктеуішке сәйкес валютаның әріптік белгісі көрсетіледі.

17. 62 деген коды бар жол ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлік. Ел коды", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.2-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 2-бөлік. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.3-2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 3-бөлік. Елдердің атауларын белгілеу

үшін бұрын пайдаланылған кодтар" мемлекеттік жіктеуіштерін пайдалана отырып толтырылады.

18. 70 деген коды бар жол осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес экспортер немесе импортер есептеген репатриациялау мерзімін көрсету арқылы толтырылады.

19. 81 және 82 жолдар валютаның мың бірлігімен толтырылады.

20. 90 коды бар жолда уәкілетті банк басқа кез келген қосымша ақпаратты көрсетеді.

21. Келісімшарт бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасы алдыңғы есепті кезеңдерде Ұлттық Банкке жіберілген болса және есепті кезеңде оны жіберу үшін негіз бар болса, уәкілетті банк алғашқы рет банктік бақылаудың жеке карточкасы жіберілген нөмірді көрсете отырып, 20-70-жолдардағы ақпарат өзгерген жағдайларды қоспағанда, осы жолдарды толтырмай, банктік бақылау жеке карточкасын жібереді.

22. "Қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы", "Мөр орны (ол болған кезде)" деген бағандар Нысанды қағаз тасымалдағышта ұсынған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды жүзеге асыру және
резиденттердің экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік нөмірлерін алу
қағидаларына 8-қосымша

"Баламасы жүз мың АҚШ долларынан асатын сомада төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған экспортер немесе импортер туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.09.2015 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: _____ жылғы _____ ай

Индекс: ЕИСС__5

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Ұлттық Банк

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күніне дейінгі мерзімде

Нысан

Уәкілетті банктің БСН

№ Экспортер немесе импортер бойынша ақпарат						
	Атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	БСН	ЖСН	Белгісі - заңды тұлға немесе дара кәсіпкер	Мекенжайы	Облыс коды
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпарат			
Белгісі - экспорт немесе импорт	Белгісі - шығыс, кіріс	Сомасы	Ескертпе
8	9	10	11

20 _____ жылғы " _____ " _____

(қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде) және қолы)

Мөр орны
(ол болған кезде)
"Баламасы жүз мың АҚШ долларынан асатын сомада төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған экспортер немесе импортер туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

"Баламасы жүз мың АҚШ долларынан асатын сомада төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған экспортер немесе импортер туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Баламасы жүз мың АҚШ долларынан асатын сомада төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырған экспортер немесе импортер туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Уәкілетті банк Нысанды толтыру кезінде баламасы он мың АҚШ долларынан бастап елу мың АҚШ долларына дейінгі (қоса алғанда) сомада

жасалған және Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы экспорт немесе импорт үшін (осы Қағидалардың 29-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда) тауарлар қозғалысын көздейтін келісімшарттар бойынша төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша қолда бар деректерді пайдаланады.

2. Нысанды толтыру

4. 3-баған, егер 5-бағанда "1" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің БСН көрсету арқылы толтырылады.

5. 4-баған, егер 5-бағанда "2" белгісі көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің ЖСН көрсету арқылы толтырылады.

6. 5-бағанда, егер экспортер немесе импортер заңды тұлға (заңды тұлғаның филиалы) болып табылса, "1" белгісі көрсетіледі немесе егер экспортер немесе импортер дара кәсіпкер болып табылса, "2" белгісі көрсетіледі.

7. 6-бағанда экспортердің немесе импортердің заңды мекенжайы көрсетіледі.

8. 7-бағанда ҚР МЖ 11-2009 әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ЭАОЖ) сәйкес заңды мекенжайы бойынша экспортердің немесе импортердің облыс кодының алғашқы 2 цифры көрсетіледі.

9. 8-бағанда экспорт бойынша келісімшарт үшін "1" белгісі немесе импорт бойынша келісімшарт үшін "2" белгісі көрсетіледі.

10. 9-бағанда шығыс төлемі (шетел сатып алушысының немесе шетел жеткізушісінің пайдасына төлем және (немесе) ақша аударымы) үшін "1" белгісі немесе кіріс төлемі (экспортердің немесе импортердің пайдасына төлем және (немесе) ақша аударымы) үшін "2" белгісі көрсетіледі.

11. 10-бағанда жүзеге асырылған төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының АҚШ долларымен жалпы сомасы көрсетіледі.

12. "Қол қоюға уәкілетті тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және қолы)", "Мөр орны (ол болған кезде)" деген бағандар Нысанды қағаз тасымалдағышта ұсынған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды
жүзеге асыру және резиденттердің
экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік
нөмірлерін алу қағидаларына
9-қосымша

**Тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша ақпарат алуға арналған
электрондық сұрау салу нысаны**

Ескерту. Қағида 9-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жіберетін: келісімшарт бойынша репатриация талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банк немесе Ұлттық Банк филиалы

Нысан қайда ұсынылады: кейіннен мемлекеттік кірістер органына беру үшін Ұлттық Банкке

Нысан

Келісімшарттың есептік нөмірінің деректемелері		Резиденттің деректемелері	Резидент еместің деректемелері	Тауарларды әкелу туралы өтініштің нөмірі
Нөмірі	күні			
1	2	3	4	5

Тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша ақпарат алуға арналған электрондық сұрау салу нысанына қосымша

Тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша ақпарат алуға арналған электрондық сұрау салу нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша ақпарат алуға арналған электрондық сұрау салу нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 557-бабы 3-тармағының 18) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды келісімшарттың есептік нөмірі бар келісімшарт бойынша экспортер немесе импортер ұсынған тауарларды әкелу туралы өтініштің көшірмесі негізінде келісімшарт бойынша репатриация талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банк немесе Ұлттық Банк филиалы толтырады.

2. Нысанды толтыру

4. 1 және 2-бағандарда, тиісінше, келісімшарттың есептік нөмірі және оның берілген күні көрсетіледі.

5. 2-баған сегіз цифрды мынадай тәртіппен көрсету арқылы толтырылады: күні, айы, жылы.

Кестенің жалғасы

Келісімшарттың деректемелері		Резиденттің деректемелері	Салық органының жанама салықтардың төленгені не ҚҚС және (немесе) акциздерді төлеуден босатылғаны туралы белгі қойған күні	Резидент еместің деректемелері		Сатушы елінің коды
Нөмірі	Күні			Атауы	Сәйкестендіру нөмірі	
10	11	12	13	14	15	16

Деректерді жинауға арналған
"Тауарларды әкелу туралы сұратылған
өтініш бойынша ақпарат"
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Тауарларды әкелу туралы сұратылған өтініш бойынша ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме деректерді жинауға арналған "Тауарларды әкелу туралы сұратылған өтініш бойынша ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 557-бабы 3-тармағының 18) тармақшасына сәйкес әзірленген және салық құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесінен тұрады.

3. Нысанды кейіннен Ұлттық Банктің уәкілетті банкке немесе электрондық сұрау салуға бастама жасаған Ұлттық Банк филиалына беруі үшін Ұлттық Банктің тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша ақпарат алуға электрондық сұрау салуын алғаннан кейін мемлекеттік кірістер органы ақпараттық жүйе арқылы бір жұмыс күні ішінде жібереді.

4. Нысанды толтыру кезінде мемлекеттік кірістер органы Одақтың салық органдары қабылдаған және экспорт немесе импорт келісімшарттары бойынша ресімделген тауарларды әкелу туралы өтініштер бойынша деректерді пайдаланады.

2. Нысанды толтыру

5. Импорт болған жағдайда 2-бағанда тауарларды әкелу туралы өтініштің тіркеу нөмірі көрсетіледі, 3-баған толтырылмайды. Экспорт болған жағдайда 2 және 3-бағандарда, тиісінше, өтініштің Одақтың салық органында тіркелген күні және белгі қойылған күні көрсетіледі.

6. 4-баған мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 – экспорт бойынша келісімшарт және 2 – импорт бойынша келісімшарт.

7. 5 және 6-бағандарда, тиісінше, шот-фактураның нөмірі мен күні көрсетіледі.

8. 7 және 8-бағандарда шот-фактурадан немесе көлік (тауардың ілеспе) құжаттарынан не тауардың алынғанын немесе сатылғанын растайтын өзге құжаттан алынған мәліметтер негізінде, тиісінше, тауардың құны және тауар құны валютасының коды көрсетіледі.

9. 8-бағанда тауарларды әкелу туралы өтінішті толтыру үшін пайдаланылатын валюталар жіктеуішіне сәйкес валютаның үш таңбалы санмен көрсетілген коды көрсетіледі.

10. 9-бағанда резиденттің (импорт бойынша) немесе резидент еместің (экспорт бойынша) тауарды есепке қабылдаған күні көрсетіледі.

11. 10 және 11-бағандарда, тиісінше, келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетіледі.

12. 12-бағанда келісімшарт бойынша репатриация талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банктің филиалына тауарларды әкелу туралы өтініштің көшірмесін ұсынған резидент - экспортердің немесе импортердің деректемелері көрсетіледі. Жеке тұлға үшін ЖСН, заңды тұлға үшін БСН көрсетіледі.

13. Салық органының жанама салықтардың төленгені не ҚҚС және (немесе) акциздерді төлеуден босатылғаны туралы белгісі қойылған күн көрсетіледі.

14. 14, 15 және 16-бағандарда, тиісінше, резидент еместің атауы, сәйкестендіру нөмірі, резидент емес (импорт бойынша сатушы немесе импорт бойынша салып алушы) елінің коды тауарларды әкелу туралы өтінішті толтыру үшін пайдаланылатын әлем елдерінің жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

15. 3, 6, 9, 11 және 13-бағандар мынадай тәртіппен сегіз цифрды көрсету арқылы толтырылады: күні, айы, жылы.

Қазақстан Республикасында
экспорттық-импорттық валюталық
бақылауды
жүзеге асыру және резиденттердің
экспорт және
импорт бойынша келісімшарттардың
есептік
нөмірлерін алу қағидаларына
11-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған

"Мемлекеттік кірістер органы бұрын жіберген тауарларды әкелу туралы өтінішті өзгерту туралы ақпарат" нысаны

Ескерту. Қағида 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.02.2016 № 82 (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: __ жылғы _____ айы

Индексі: ЕІСС_7

Кезеңділігі: ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы жіберген тауарларды әкелу туралы өтініштің өзгеруіне қарай

Ұсынатын: мемлекеттік кірістер органы

Нысан қайда ұсынылады: кейіннен келісімшарт бойынша репатриация талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банктің филиалына беру үшін Ұлттық Банкке

Ұсыну мерзімі: мемлекеттік кірістер органының ақпараттық органында өтініш өзгергеннен кейін бір жұмыс күні ішінде

Нысан

№	Ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банктің электрондық сұрау салуының негізінде жіберген тауарларды әкелу туралы өтініштің деректемелері			Импортталатын тауарлар бағасының өзгеруіне байланысты кері қайтарылған немесе берілген тауарларды әкелу туралы өтініштің орнына берілген өтініштің деректемелері	
	Нөмірі	Күні	Мәртебесі	Нөмірі	Күні
1	2	3	4	5	6

Деректерді жинауға арналған
"Мемлекеттік кірістер органы бұрын жіберген тауарларды әкелу туралы өтінішті өзгерту туралы ақпарат" нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "Мемлекеттік кірістер органы бұрын жіберген тауарларды әкелу туралы өтінішті өзгерту туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме деректерді жинауға арналған "Мемлекеттік кірістер органы бұрын жіберген тауарларды әкелу туралы өтінішті өзгерту туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексінің) 557-бабы 3-тармағының 18) тармақшасына сәйкес әзірленген және салық құпиясын құрайтын мәліметтер тізбесінен тұрады.

3. Нысанды бұрын мемлекеттік кірістер органы электрондық сұрау салу негізінде жіберген тауарларды әкелу туралы өтініш бойынша деректер өзгерген кезде мемлекеттік кірістер органы ақпараттық жүйе арқылы жібереді.

4. Нысанды толтыру кезінде мемлекеттік кірістер органы Одақтың салық органдары қабылдаған және экспорт немесе импорт келісімшарттары бойынша ресімделген тауарларды әкелу туралы өтініштер бойынша деректерді пайдаланады.

2. Нысанды толтыру

5. 2 және 3-бағандарда, тиісінше, ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банктің электрондық сұрау салуының негізінде жіберген тауарларды әкелу туралы өтініштің нөмірі мен күні көрсетіледі.

6. 4-бағанда ақпаратын бұрын мемлекеттік кірістер органы Ұлттық Банктің электрондық сұрау салуының негізінде жіберген тауарларды әкелу туралы өтініштің мәртебесі көрсетіледі:

1 - алып тасталуына байланысты кері қайтарылды;

2 - ауыстырылуына байланысты кері қайтарылды;

3 - бағасының ұлғаюына байланысты.

7. 5 және 6-бағандарда, тиісінше, импортталған тауарлар бағасының өзгеруіне байланысты тауарларды әкелу туралы кері қайтарылған өтініштің орнына жаңадан берілген не берілген өтініштің деректемелері көрсетіледі.

8. 3 және 6-бағандар мынадай тәртіппен сегіз цифрды көрсету арқылы толтырылады: күні, айы, жылы.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 ақпандағы
№ 42 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылды деп танылатын қаулыларының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 17 тамыздағы № 86 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4417 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 2006 жылғы қарашада № 16 жарияланған).

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі № 343 қаулысына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 17 тамыздағы № 86 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2007 жылғы 24 қыркүйектегі № 110 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4988 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2007 жылғы 23 қарашада № 180 (1209) жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 17 тамыздағы № 86 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2008 жылғы 28 қаңтардағы № 93 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5507 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2009 жылғы 3 ақпанда № 16 (1439) жарияланған).

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 17 тамыздағы № 86 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 24 тамыздағы № 77 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5824 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2009 жылғы 6 қарашада № 170 (1593) жарияланған).

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банк клиентінің банк шоты нөмірінің және банктік сәйкестендіру кодының жаңа құрылымына көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 25 қыркүйектегі № 91 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5852 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2009 жылғы 4 желтоқсанда № 186 (1609) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін қаулылары тізбесінің 2-тармағы.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сәйкестендіру нөмірлерінің мәселелері жөніндегі кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2010 жылғы 20 тамыздағы № 76 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6534 тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2010 жылғы 21 қазанда № 435 (26278) жарияланған) бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 11-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ